
№39 [45] / Караша / 2021

SARASÓZ



Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Бас редактордың орынбасары
Гүлсім ЕЛУБАЙ

Дизайны: **Бекжігіт Сердәлі**
Қатегері: **Мөлдір Тәукебаева**
SMM-менеджер: **Еңлік Қалдархан**
Суретші: **Мұрат Шаханбай**

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: +7 702 839 86 88, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді
меншік иесі:
ЖК «Қыдықбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 5000 дана

4-БЕТ



СЫРЫМ ДА СЕН,
МҰҢЫМ ДА СЕН
МҰҚАШЫМ


20-БЕТ



ПЕРЗЕНТ ПАЙЫМЫ

ӘКЕ туралы сөз

30-БЕТ




БІР ӨЛЕҢ - БІР ӘЛЕМ

СӘБИ
болғым келеді

33-БЕТ

ОЙТҰМАР

Әке аманаты
немесе Мұқағали поэзиясындағы
әке бейнесі



САРАСӨЗ
www.sarasoz.kz

АҚЫН ДЕГЕН ТҰҢҒИЫҚТЫҢ ТЕРЕҢІ

СЫРЫМ ДА СЕН, МҰҢЫМ ДА СЕН МҰҚАШЫМ

Лашын ӘЗІМЖАНОВА,
ақынның жары

Мұқағали туралы жазуды көптен-ақ ойлап, ұзақ толғап жүрсем де, ә дегенде, бірден батылым жетпеді. Қалай жазу керек, неден бастау керек екендігі – маған тым тылсым жұмбақтай көрінді. Мұның бәрі – бұрын-соңды қолыма қалам ұстап, марқасқа Мұқам жайында жауапты дүние жазбағандықтан,төрттаған төселмегендіктің әсері болса керек.



Алғашқы ойым: әңгімені Мұқағалидың балдәурен балалық шағынан бастағым келген еді: бірақ, балалық шағы кейде жоқ, кейде тоқ жағдайда өтті. Тұрмысы орташа ғана

отбасының сүйенер жалғыз тірегі – отағасы, әкесі майданға кеткен. Мұқағали да– бүкіл қазақ ауылдарындағы соғыстың ауыр мұң-мұқтажын көріп, ерте ержеткен жастардың бірі ғой. Ал, көз алдымда өткен ақындық өмірін, қуанышын, ренішін жазу қолымнан келе ме? Мұқағали көзі тірісінде: «Жаз, жаз, қолыңнан бірдеңе келеді» – дегенде тыңдатпаған қайран мінез, енді кішіреюге, қайтсең де еңбектенуге, қиналуға әкеп соғып тұр.Кейбір тілектестер: «Мұқаңның өмірін жазыңыз, оның сырын сізден артық білетін ешкім жоқ жазыңыз» – деп қолқалап жүр. Жазу керек екенін, жазуға міндетті екенімді өзім де түсінетін сияқтымын. Ақыры, ақиық ақын жайлы отбасылық сырларды қалың оқырманға бір жеткізсем деген мақсат жетегіне жегілдім.

***

1949 жылдың наурызында кейбір қиындықтарға қарамастан екеуміз үй болып, шаңырақ көтердік. Мен Мұқағалидың тәуекелге бел байлаған азаматтығына, ақылына тәнті болам. Бұл – өте ауыр, жоқшылық, сағыныш жылдары болатын. Алғашқы үйленген жылдары біздің ауылда – Шибұтта (қазіргі Нарынқол ауданы, Киров атындағы колхоз) тұрдық. Ол – ауылсоветтің хатшысы, мен – сегізжылдық мектептің тіл мен әдебиет пәнінің мұғалімімін.Қолымызда әжеміз – Тиын, енем – Нағиман, екі қайным – Тоқтарбай, Көрпеш бар. Апамыз соғыс жылдарында күнкөріс қамымен тау-таста қаңғып қой да баққан, сиыр да сауған, егін де жинаған, әйтеуір, көрмеген бейнеті қалмаған. Балалар аш-жалаңаш, кәрі әжесімен ауылда қалып, өлместің қамын істеген. Осы отбасы жиналып, бір үйде ошарлы жан болдық...

Бір күні мектеп директоры апам екеумізге мектепті жөндеу жұмысын тапсырды. Ертесіне жұмысқа кірісіп кеттік. Мектептің іші-сыртын ақтайтын Мұқағали екеуміз. Апамыз біз ақтаған кластардың еденін жуады. Балалар су тасиды. Мұқағали кезекті класты жөндеуді ақтай жүріп, бізге әртүрлі әңгіме айтып, күлдіріп, көңілдендіріп қояды. Сондай әңгіменің бірі есімде қалыпты.

Ауылда кейбір дыбыстарға тілі келмейтін Нұрсәли деген ағамыз болды. Өзі өте момын адам. Әйелінің аты – Раушан. Пысық,кеуделілеу әйел. Бір күні Раушан жұмыстан келсе, күйеуі тапа-тал түсте ұйықтап жатыпты. Сиырды бұзау еміп қойған. Қой-ешкі қорадан шығып кеткен. Жас балалар көрінбейді. Раушан бұған қатты ашуланады. Айқайлап, күйеуінің жанына жетіп келгенде, жуас еркек шошып оянып, бетін басып алыпты. Ұрып жібере ме десе керек.

– Ей, Расан жетеді-ай! Сандалма-ей, Расан! – деп шалбарының ышқырын бір қолымен ұстап, үй ішінде қашып жүр дейді. Күлмеске күлетін біз бұған жұмысты қойып, жатып кеп жырқылдаймыз. Сөйтіп, күліп-ойнап жүріп, екі жетіде мектептің іші-сыртын ақтапбітірдік.

Мұқағали екеуміз де қоғамдық жұмыстарға белсене араластық, екеуміз де үгітшіміз. Мен сабақ беріп, дәптер тексеріп, класс жетекшілікке қоса, педсоветтерде баяндама жасап, көркемөнерпаздар үйірмесін басқарамын және қабырға газетін шығарысам; Мұқағали көбіне малшылар арасын аралайды. Әйтеуір, шаршау жоқ: бәріне де үлгереміз. Екеу болған соң, жүк те жеңіл. Өмірдің мәні де, сәні де – мөлдір сезім, ыстық махаббат екен: төңірегің толған қуаныш пен бақыт!

Оның үстіне, ақкөңіл, жайдарлы, мінезінің ашықтығынан Мұқағали қайын жұртына да аса сыйлы болды. Ата-анам Мұқағалидың өмірді түсіне білетініне риза болатын еді. Әкем де, шешем де күйеу баласын ұнатты. Мұқаң да оларды жанындай жақсы көрді. Әкем – бүкіл ауылдың ақылшысы еді.Шешем – барын ел аузына тосатын қолы ашық кісі болды. Апам: «Ләсима, (ата-анам қойған есімім, кейін еркелетіп «Лашын «деп атап кеткен) еркекшора, ерке мінезіңді таста, Мұқағалиды сыйла. Еркек деген табынушы тәңірің болады, қалқам. Ажырайып алдына шықпа, бедірейіп бетіне қарама. «Ағаш – айғайға құламайды» соны ұғын», – деп, жиі ақылын айтатын...

Соғыс, жоқшылық, тапшылық – халықты жүдетті, бірақ, Мұқаң иі түскен адамдарды бірдемде тірілтіп жіберетін. Ол ауылдастарымен тату тіл табыса білді. Бірде Мұқағалиды Шодияр деген туысқанымыз қонаққа шақырып, көп кешікпей Мұқағали қонақтан келіп, қолындағы ораулы түйіншегін үстел үстіне қойып, өзі төрге шығып отырды.

Мен: «Мұқағали, атамыз сенен басқа кімдерді шақырыпты?» – деп сұрап едім, ол өзіне өзі дән риза кейіппен былай деді: «Ehe, қонақта болған төрт еркекпіз. Екеуі – соқыр Ғали, екеуі – жынды Ғали, сонда төрт Ғалимыз, – деп күлді де, әрі қарай түсіндіре жөнелді: «Екі соқыр Ғали» дегенімнің біреуі Мысығали (Шодияр атамның үлкен баласы, бір кезі шешек ауруынан майып болған), екіншісі – Әлімғали (Мысығалидың баласы, бір көзі қылилау болғандықтан, құрбылары мұқатып, өзінше «ат» берген). Енді «екі жынды Ғали» дегенімнің біреуі – Асқарғали (Асқарғали деген ағамыз соғыстан контузия алып келген, тоқтамай долырып сөйлей беретін). Ал, ең

соңғы «жынды Ғали» міне – алдында отыр, перизадам, – деп газеттегі ораулы етті біздің алдымызға қойды.

Мұқаңның осылай ойламаған жерден сөз тапқыштығы сүйсінтетін.

Тағы бір есімде қалғаны: кезекті сайлау науқанында газет шығаруға дайындалып, Мұқағалиға «Пионерлік сәлем» деген атпен мынадай өлең жаздырып алдым.

Шын болаттай шыныққан жас шағынан,

Ләззат алып, білімнің асқарынан.

Сәлем сізге, ата-ана – сайлаушылар,

Бақытты өскен Отанның жастарынан!

Қарсы алайық сайлауды шын қызыға,

Әйгілі етіп, әлемнің шың-құзына.

Бір кісідей берейік даусымызды,

Халық сүйген Отанның ұл-қызына!

...Кейінірек Мұқағалидың ауылы – Қарасазға көшіп бардық. Біздің ауылда тұңғышымыз Ләззат деген қыз бала дүниеге келген еді, кенет суық тиіп ауырып, алты айлығында шетінеп кетті. Мұқаң қатты қайғырып, түнде кітап оқып, менен басқа ешкімге көрсетпей, өлең жазады. Сосын, Мұқағали Алматыға алғаш шет тілдер институтына (неміс тілі факультеті) түскен оқуын жалғастыру үшін кетті. Жиі хат жазып тұрды.

Мұқағалидан хат келген күн мен үшін үлкен қуаныш. Бір хатындағы:

Кім келіп, кім кетпеген көне өмірге,

Түсінгін ой-шұңқырын көре біл де.

Тағдырыңа қайтесін қарғыс айтпа,

Мойында, шыдап бақ қын көн өмірге! – деген жолдар «шыдай тұр» дегендей, мені қатты толқытты. Менің қабағыма қарап, жүрегі жұмсақ, дұшпанын да ренжіткісі келмейтін өлшеусіз көңілі ақ, әділет сүйгіш Нағиман апам да жайланып қалды..

Ауылда тұрғанда Мұқағали ақын Тоқаш Бердияровты үйге жиі ертіп келетін. Екеуі поэзия туралы кең пікірлер айтысатын дос болды. Мен жалынды ақын, адал азамат саналатын Тоқаңды Мұқағалидың көңілі үшін сыйладым. Бірде: «Тоқа, сөзіңді екі етпейтін шын дос таптың, іс жүзінде де адал дос болсаң етті», – деп тура айтып, ренжісіп те қалған кезіміз болды...

Мұқағали Алматыда радиода қызмет істеп жүргенде, ертең ертемен: «Алматыдан сөйлеп тұрмыз! – деген дауысын естігенде, бір жадырап қалатынбыз. Мұқағалидың дауыс ырғағына, ашық та айқын мәнеріне, өлең оқығандағы күмбірлеген қоңыраудай даусына таңданып, сүйсіне тыңдаймыз...

Қабілеті қарымды, таланты теңіздей Мұқағалидың бұрқыратып жазған өлеңдері өрттей ыстық, дарыны дауылды, ал, мінез-құлқы өте күрделі еді. Мысалы, жоғарғы оқу



орнының бір оқытушысымен келіспей қалса, оқуды дереу тастап кетіп қалатын.

Алматыдағы Мұқағалиды сағынып жазған менің күнделігімді Мұқаң оқып (1954 ж.) қойып:

Сен де өмірден көп жағдайды өткіздің.

Бізге бақыт әкелер-ау тек бір күн.

«Жүрегімді жылытар да жұбатар,

Үміт етер тентегім бар» деп білгін.

Мейлі ғасыр, айлар өтсін, жыл өтсін,

Тек өмірім сеніменен бір өтсін.

Сен – байлығым, сен – бақытым, сен – досым,

Сен – тірегім, сен – кеудемде жүрексің! – деп деген сөздер жазыпты...

Өлеңмен ғашықтық хаттар екеуміз үйленгенше жазылып тұрды. Әттең, сақтай алмадым... Жүрекжарды сөздерін радиода дикторлық қызметте жүргенде былай (орысша) жазды:

«Прошу, не обвиняй меня?!

Умоляю, забудь все, что я творил?!

Прости, моя любимая!

Мой самый близкий жизненный друг!

Может быть, я запачкал твою любовь, но уважение к тебе сохраняется до конца моей жизни! Верь, дорогая! Это истина.

«Так мало пройдено пути,

Так много сделано ошибок» (С.Есенин).

...Өзім Мұқағалиды «дүниені терең түсінген, кездескен қиындықтарды өз басымен, өз білімімен қорытқан, қиыншылықты жеңе білген данышпан адам» деп білемін. Ол қандай ауыр халде жүрсе де, балаларын, отбасын ұмытқан жоқ. Кашанда Қарасазына, өз ошағына оралып отырды. Мұның өзі шын махаббаттың белгісі.

Жолашылық жол, тасымал өмір өзін әбден қажытқан Мұқаң кейін ауылдағы сегіз жылдық мектепке орыс тілі пәнінің мұғалімі болып орналасты. Ол оқушының психологиясын, көңіл-күйін жақсы білетін, оларды өзіне магниттей тарта білетін, әртүрлі әдістерді жетік пайдаланатын білікті, жалынды мұғалім болды. Қатардағы мұғалім болумен шектелген жоқ, көп оқыды. Атақты ақын, жазушылардың шығармаларын шұқшия зерттеді. Өлең жазды. Ақындықтың кілті де, түйіні де, өрістеуі де Алматыда өтіп жатқандықтан, осында жетуге асығып тұратын...

Мұқаң: «Жақсы жазу үшін жақсы білім керек, менің көп оқып, жан-жақты жетілгенім жөн. Менің тіл құдіретіне түйсінуім, сөз құдіретіне сүйсінуім әжемнің әлдиінен, анамның ақ сүтінен, халқымның ертегі-дастандарынан дарыған. Енді құдай берген тырнақтай талантымды байыту ол үшін жатпай-тұрмай оқу керек!» – дейтін.


Өзі жазудан, оқудан қолы босай қалған кездері қара суға барып, балық аулап келуді, бір уақ аңға шығып, тау-тасты кезіп қайтуды, шахмат ойнауды қатты ұнататын. Кейін балалар есейген кезде ойнауға ешкім табылмағанда ұлдары Айбар және Жұлдызбен ойнайтын.

Мұқағали қолжазбаларына өте ұқыпты қарап, жеті сайын жазғандарын тексеріп, жарыққа шыққанын – бір бөлек, шықпағанын – бір бөлек, айы мен күніне қарай реттеп отыратын. Кейде жазғандарын жыртып, қақ айырыш тастаған сәттері де болған.

Көңілді кездерінде дәмді тамақ ішуді жек көрмейтін. «Аш еркек арыстаннан да айбарлы, сенің алдымен тамағың әзір болсын!» – дейтін. Үлкен шығармалар жазуға отырғанда, тамақты да, басқаны да ұмытып кететін. Әлсін-әлсін шақырып, дастарқан басына әрең келтіретінмін.

Мұқағалидың ақындық арманына жетуі үшін 1962 жылы жазда Алматыға көшіп келдік. Қала – қайнап жатқан, шешуі жоқ, жұмбағы көп үлкен өмір екен.«Әкім – бір ұлттыкі, ақын – бар жұрттыкі» деп, кір жуытқың келмейді, бірақ, адам баласының өмірі тым қысқа екен, екі үзеңгіні теңестіре алмай-ақ кеттік...

Алматыда жетінші линияда (Апамыз, төрт баламыз, екеуміз, барлығы – жеті адамбыз) пәтер жалдап тұрдық. Қысылып-қымтырылып азаптанған екі жыл өткенде, құдайдың бізге әзірлеген қасіреті барын білдік. 1962-жылы қазанның аяғында он бір жарым жастағы (алтыншы класс оқып жүрген) қызым Майгүл жол апатына түсті. Бұл қайғы көпекөрнеу мектептің алыстығынан әрі ауыл ба-



ласына қаладағы көшеде жүру тәртібін жете түсіндірмеуінен болса керек...

«Бас ауырса, барша дене сыздайды» дегендей, «партиялық жарнаны уақытында төлемегені» үшін Мұқағалиды партиядан шығарып, «Социалистік Қазақстан» газетіндегі жұмысынан босатты. Қызымыздың қазасы, тұрмыстың тоқпақтары – бізді қатты есеңгіретіп, ес жия алмай қалдық. Ақын жаны – айрықша нәзік, өте сезімтал ғой, бәріміз Мұқаңды терең уайымға жібермей, қаумалап, қайрат беруге тырыстық...

1964-жылы Мұқағалидың «Ильич» поэмасы жұп-жұқа кітап болып шықты. Жазушылар Одағы ас үйі екі отбасына ортақ – үш бөлмелі пәтер берді. Сосын, екі жыл, үш жылда жұқа-жұқа кітаптары шығып тұрды. Мұқаң санатқа енбесе де, санның ішінде бар сықылды еді...

Ең өкініштісі, Мұқағали – қырық бес жастың ішінде, еңбегіне тиісті бағасын ала алмай, балға болып соға алмай, төс болып тосы-

лып қана дүниеден өтті.

Турасы, тамаша талантын қызғанушылық, көре алмаушылық, менсінбеушілік, жерлестік, рушылдық – Мұқаңды ащы судың жәрдеміне жүгінуге еріксіз мәжбүр етті. Мемлекеттік сыйлыққа бірнеше мәрте ұсынылып, жеме-жемге келгенде жолы кесілді. Редакциялар жөнсіз жұлмалап «түзеп», қор қылатын болғасын, Мұқағали көзі тірісінде өлеңдерін «қатал» тексеруден өткізіп, көбін ешқайда ұсынбай жүрді.



1970 жылы жазылған «Райымбек, Райымбек» деген поэмасын «тексерулерден» қорқып, өзі тірі кезінде кітаптарға ұсынбай, тек 1981 жылы ғана «Лениншіл жас» газетіне басылды.

«Өмір-өзен» кітабына енген «Жан азасы» жырындағы «Жетімдер үні» бөлімін редакторлар бертінгі уақытта тағы жұлып тастады.

Мұқағали өмір сүрген аз ғана ғұмырының ішінде ұланғайыр жыр жазып, халқына қисапсыз рухани байлық мол мұра қалдырды. Дүниеден өткеннен кейін оның жарық көрмеген, басылмаған өлеңдері бірнеше жинақ болып, баспадан шықты. Қазір кейбір жырларын оқысаң, алдағы өмірді болжағандай дәл келтіргеніне таңданасың. Әлі де жарық көрмеген өлеңдері бар...

1969 жылы 14 маусымда Мұқағалидың біздің басымыздағы ащы шындықты баяндаған бір топ өлеңдері «Қазақ әдебиетінде» жарияланып, Жазушылар Одағы дереу секретариатын шақырып (Бірінші секретары Ә.Шәріпов), өлеңдерді талқыға салды. «М.Мақатаевтың өлеңдері – күңгірт, көмескі, жұмбақ пессимизмнен тұрады, күйректілік сарында жазылған» деп, ақынның басын көтертпей тастады. Жан-жақтан ши жүгірту, аяусыз жаншу, тынымсыз түрткілеу – Мұқағалиды қатты жүдетіп жіберді. Бұл – осындай оспадар жағдайдың біреуі ғана...

Дәлелі де, мағынасы да жоқ мазасыз тартыстар – Мұқаңның денсаулығын бұзып, ауруханаға жиі түсетін болды. Оның жаратылысынан тік мінезі – талайларға жақпады. Солақай басшысымақтардың рухани мешелдігі, кертартпалығы, отбасының ауыр жағдайлары – тепсе темір үзетін тау тұлғалы жігіттің денсаулығын біржола шайқап жіберді.

Оның үстіне, «Жығылған үстіне – жұдырық» болып, 1969 жылы Мұқаңның әзірлеп қойған бір кітапқа жетерлік жыр дәптерлері, прозалық шығармалары, әдеби сындары, газет қиындылары портфелінде үшті-күйлі қолды болып, жоғалып кетті. Бұл өлеңдер қайта табылмады, күні бүгінге дейін одан еш дерек жоқ...

Мұқаш туралы ойлағанда, менің көз алдыма екі түрлі Мұқағали келеді: біріншісі – күн шуақты, жайдары мінез, күлімдеп, жүзінен нұр шашып тұрған, үстіне тау құласа да көтере беретін қайсар тұлға; екіншісі – азуын қайрап, атылуға әзір тұрған айбарлы арыстандай қаһарлы кескін. Ол кезде жүзіне тура қарай алмайсың. Ақырын жүріп, аңдап сөйлеп, жымиып жылы сөйлейсің...

Мұқағалидың әрқалай мінезі бар еді, соның ішінде, әпенділік қылықтары да кездесіп қалатын. Жаз айының бір кешінде Мұқағали үйге келді де (Панфилов көшесіндеміз) шешініп, жуынып жатып қалды. Біраз уақыт өткен соң тамақ жасап: «Балаларымен ас ішсін» деп, жатын бөлмеге кірсем, ояу екен маған былай деді: «Лашын, бері кел, қолыңа қағаз, қалам ал да жаз! Ертең кеш болады! Бұл – өз атыңнан түйгенің, менікі емес... Мен – Лашын Әзімжанқызы. Мұқағали Мақатаевтың заңды әйелі, некеміз қиылған. 1949 жылдың 30-наурызында қосылғамыз. Бірімізді-біріміз сүйіп қосылдық. Ешкімнің жең ұшын, жылуын керек еткеміз жоқ. Менің ерім – Мұқағали

Мақатаев адамдығы да, ақымақтығы да мол кісі еді. Оның бәрін құдай алдында кешіремін. Ей, жаңадан қосылған жарықтарым, біріңе-бірің тіл тигізу – бақытсыздықтың басы. Сол үшін біріңді-бірің алдама. Алдасаң – бәрібір көзіңе көрінеді. Өміріңде «анау сезбейді» деп бірдеңе істей көрме. Ол – бәрібір ашылады...

Кешегі өткен ер Мұқағалидың ақымақтығын бір поыз тартып жүре алмайтын. Дархандығы сонша, қалтасына екі сом түссе, арақ сатып алсам ба екен, ат сатып алсам ба екен деп бүкіл Алматыны сүзіп шығатын, қалтасындағы екі-ақ сом екенінде жұмысы болмайтын, бейбақтың. Арамдығы жоқ ақымақтығы сондай, өзі ішіп жүрген арақтың да бағасын білмей бұл дүниеден өтті. Әлгі біздің үйдегі балалардың әкесі. Заманында арманына жетпеген кісі еді. Әй, бір есек, хайуан еді. Хайуандығы сондай, өзін-өзі сыйламай өтті. Оның ауырмайтын жері жоқ, он түрлі ауруы болушы еді, байғұстың...»

Сәл ойланып қалған Мұқаң: «Осы жазбаны бір жерге тығып қой», – деді. Мен қағазды жазу үстелінің тартпасына салып, төсекке қарасам, сол екі ортада ұйықтап кетіпті. Бұл хатты 1973 жылдың 28-сәуірінде жаздырған екен...

Бірді айтып, бірге кете бердім, негізі, Мұқаңа қысастық үнемі, үздіксіз жасалды. Мысалы, бірде академиядан кісі келіп, Қазақ Кеңес энциклопедиясы үшін Мұқаңның суретін, өмірбаянын жазып алып кетті. 1975 жылы 7 том шықты. Бұл уақытта Мұқағалидың сүйекті шығармаларының бәрі басылып, жарыққа шығып, халыққа танылған дарынды ақын атанған еді. Бірақ, әлгі энциклопедия Мұқағалидың суретін бермей, кітаптарының тізімін ғана тізіп қойыпты. Мұнда Мұқағалиға қасақана тарлық жасалғаны айқын көрініп тұрды...

***

1974-75-жылдары Мұқағали жиі ауырып, емханаға түсіп жүрді. Сәл айыға бастаса қолына қаламын алып, өлең жазуға кірісіп кетеді. Күніне кейде сегіз өлеңге дейін жазып тастайды екен.

Мүмкін, өмірінің қысқарып келе жатқанын, әр сағаты есепте екенін білді ме екен, сонда марқұм: «Мен өлең жазумен, өлең оқумен ауруымды емдеймін. Өлеңге кіріскенде барлық ауруды ұмытқандай болам. Құдайым қолыма қалам ұстауға шамамды келтірсе, өлең өз-өзінен нөсерлеп төгіліп жатады. Өлеңді аурулар тыныштальп, ұйқыға кеткен соң, асханаға барып жазам. Менің кабинетім – аурулардың асханасы,» – дейтін.

– Өзіңді-өзің күштей бермесеңші, дем ал, алдымен науқасыңнан айық, өлең қайда қашар дейсің, – деймін мен...

1975 жылдың аяғында қыс бастала Мұқағали тағы емханаға жатты. Үлкен баламыз Жұлдыз екеуміз жұмыстан кейін (мен №9 мектеп-интернатта істедім) тамақ алып



емханаға бардық (Амангелді, Космонавтар және Комсомол көшелерінің қиылысортасында).

Нардай Мұқағали жүдеп-арықтап, шүйкедей азып бара жатты, көздерінің еті сарғыш тартып, шүңірейе түскен. Жүзіне көзім түсіп, байқамай қалып, күрсініп жібердім де, артынша дереу басқа сөзге бұрған болдым. Мұқаң да сезіп қалып Жұлдызға: «Келгенің дұрыс болды, енді Гурьевке бармай-ақ қой, осы жерден бір жұмыс табармыз, еш уайымдама!» – деп, баласының басынан сипады.

Ертесіне Жұлдыз екеуміз Мұқаңа тағы келгенімізде, үстел үстіндегі ашық жатқан өлең дәптерінен «Күрсінбеші» деген өлеңді көзім шалып қалды. Осы өлеңде мені қалай шебер суреттегеніне таңдандым. Таңдап қосылған жарымның менің қадірімді біліп, еңбегімді бағалап, айтар сөзін дәл тапуып, өзіме арнап өлең жазғаны үшін «мен бақыттымын» де-

ген мақтаныш сезіміне марқайдым. Өленді оқығанда, төбем көкке жетті...

***

1973 жылы Мұқағали Мәскеудегі Горький атындағы Әдебиет институтында оқыды. Бірақ, оқуын бітірмей, балалары мен Алматысын сағынып, қайтып оралды. Тургеневтің: «Ресей – менсіз күн көрер, ал, Ресейсіз – менің күнім қараң» – дегені секілді, Мұқаң туған жерін – оқу-тоқудан әрқашан жоғары қойды.



Әлде, кім біледі, өмірінің соңғы сәті тақалып келе жатқанын сезіп, ата жұртының қасында, өз отының басында бір күн де болса да бірге болайын деді ме екен...

Қайда сапар шексе де, әбігерге түсіп, сүйікті Алматысына қайта жетуге асығып-үсігіп жүретін. Өмірден ерте өтетінін белгісіз бір түйсікпен немесе ғажайып бір белгімен сезді ме (кейбір өлеңдерінен оқисыз), кейкейде: «Мен елу жылдық тойымды көре алмаймын. Балаларыңа бас бол, мені жоқтатпа, сен өзің кеткенше азық болатын дүние жазып кеттім. Соған ие бол! Қысылмассың! Өзіңе-өзің мықты бол», – деп қоятыны бар еді.

Кезінде мән бермеген бұл сөздер менің есімді тез жиғызды. Мұқаңның айтқаны айдай келді: қазір жаққаным Мұқағалидың – оты, намазымда – аты.

***

«Бала» дегенде, Мұқаңның жан-дүниесі бөлек еді. «Таңертең балабақшаға жылатып-еңіретіп әкеле жатқан кішкентайларды көргенде, не істерімді білмей, ілгері басқан аяғым кері кетіп, жүргім келмей қалады. Соларды көрген сайын сәті келсе, балдырғандар өмірінен алынған «Таңғы ұйқының тәттісі-ай!» деген дастан жазуға дайындалып жүрмін», – деп отыратын.

Кейде дастанының жоспарын да, қалай жазатындығын да айтып қоятын. Амал қанша, ойын орындай алмай кетті...

Бала ұстауға да, күтуге де өте шебер еді, Мұқаң. Майгүлді қырқынан шығарып, Мұқағали, Майгүл үшеуміз сырттай оқуға келдік. Мен оқудан келгенше Мұқағали оның тамағын беріп, жөргектерін құрғатып, ұйықтатып тастайды. Шолпанымыз туған соң да мен бір жылдан кейін мектепке кеттім. Сонда өзі үйге бас болып, балаларға көмектесіп, менің жоқтығымды білдірмеді. Сол кезде қайнымның әйелі қатты ауру болып, енем ауылға кеткен еді...

Мұқағали қандай қиындықта да, балапандарының көңілін қалдырмауға тырысты. Орынды жерінде талап қоя біліп: «Ей, бәтшағар, қазақ тілін дұрыс сөйле, көпшіл бол! «Неше өлең жаздың» деме, «Қалай жұмыс істедіңіз, әке?» – деп сұра. Өмірде әр нәрсенің өз заңы бар, соны бұзбауға тырыс», – деп, өз басынан кешкен қателерін балалары қайталамаса екен деуші еді...

Жасыратыны жоқ, біздің Айбарымыз тентектеу болды. Қазақ мектебінде оқитын оның Миша деген досы бар еді. Бір күні кешке балаларым: «Бір орыс қызы келіп, «Айбар сағатымды жоғалтты, соны тауып беріңдер» деп кетті», – деді.

Ертеңін әлгі қыз тағы келді. Әкесі алдынала Айбардың сағатты қалай жоғалтқанын сұрап білген. Сағат иесінен Мұқаң: «Сағатың қалай жоғалды?» – деп сұрағанда, ол: «Інім «Маған сағат өте керек боп тұр, Миша деген досымыз екеуміз сырғанаққа баратын едік» – деді. Мен ініме сағатты бердім. Көп кешікпей қайтып келген інім сағатты досы Мишаға тастап кетіпті. Содан мектепте сағатты Миша Айбар сұрап алады да, класта мұғалімдерден қорқып тақпай, үзілісте партаның астына тығып қояды. Қоңыраудан кейін келіп қараса, сағат жоқ. Миша екеуі де іздеп таппайды. Сөйтіп, сағатымды Айбар жоғалтты, ақысын төлеңіздер, егер төлемесеңіздер директорға барамын, – деді.

Мұқағали: «Қызым, сағатың қанша тұрады? – деп сұрап еді: «Отыз сом», – деп

жауап берген қызға Мұқаң:

«Қызым, сен іниңнің көңілін қалдырғың келмей, сағатыңды сеніп бердің. Ал, інің досының көңілін қимай, Мишаға берді. Миша болса, Айбар досының көңілін жықпады. Айбар сағатты жоғалтып алды. Қарағым, сағаттың жоғалуына басты себепкер – өзіңсің. Мына үш бала – саған көмекші айыпкерлер. Сондықтан, сағаттың құнын төртеуіне бөлу керек, бірақ, өзіңді бұл төлемнен шығарып тастаймыз. Себебі, біріншіден, іниңе жаның ашыды, екіншіден, ертең мектеп есігін ашып, ұстаздық жолын бастайын деп тұр екенсің мұндай игілікті істі – төлемнен бастауға болмайды. Келешегіңе дақ болар. Сол себепті, отыз сомды – үш жігітке тең бөлген – әділдік болады» – деп, қызға он сом беріп: «Ендігі жиырма сомды екі баладан өндіріп ал қарағым, осы шешімге риза бол!» – деді де, кабинетіне кіріп кетті.

Қапелімде әлгі қыз дағдарып тұрып қалып, рақметін айтып шығып кетті. Міне, Мұқаңның ұстаздық тәлімінің, әділдігінің арқасында дау-дамайдан осылайша оңай құтылдық.

***

Мұқағали өлең жазарда үстелінің таза болуын, қойған заттарының орын-орнында тұруын, балалардың тыныштық сақтауын қалайтын. Ештеңеге алаң болмай, емін-еркін жазуға кірісіп кетуді жақсы көрді. Арнасынан асып төгілген шабыттан өлең-жырдың қайсысын бастарын білмей, қалың ойға көміліп отыратын...

Мұқағали ақын – үлкен ойдың адамы. Ол күрделі жұмыс бастарда алдын-ала көп дайындық жүргізетін, жан-жақты зерттейтін. Қажетті әзірліктен соң, ісіне батыл кірісіп кетеді. Айналадағының бәрін ұмытады. Жазып біткен соң ғана «Жоспар орындалды!» – деп бір бой жазып, масайрап, көңілденіп қалады.

Сондай бір кезде мінезі жылдам Алмагүл деген үлкен қызым: «Қанша өлең жаздың?», – деп қалды. Мұқағали аз-кем ойланып: «Қызым, мен тоқыма станогі емеспін ғой, шабыттың шапқанынша жаздым» – деді.

Мұқағалидың кез келген өлеңі әсем-әдемі, тілі жатық. Бір сөзі де, бір ұйқасы да шашау шықпай орын-орнында тізіліп, нәсерлеп, төгіліп тұрады. Адам баласының шыңырауда жатқан ойын, тұлабойындағы нешеме әдемі сезімдеріме қозғайды, дәл басады.

Қартқа да, жасқа да, шопанға да, ғалымға да түсінікті, тұнып тұрған әуезге (музыка) қалың шомылған өлеңдер тыңдаушысын лезде баурап алады. Мұқағали поэзиясының ерен де ерекше саналатыны, сондықтан.

Өзім әдебиетті жастайымнан сүйіп өстім. Кітап оқуға құмарлығымды Мұқаң ашты. Ол педагогикалық еңбектерді, әдебиеттерді де көп оқитын. Мен ауылда жиырма жыл, қалада он жеті жыл мұғалім болып жұмыс істегенімде, Мұқағали менің жұмыстарыма білімімен де, ақылымен де орасан жәрдемін тигізді. Әсіресе, ашық сабақ өткізерде, тәрбие сағатында, класты безендіргенде, жиналыстарда баяндама жасағанда, тіпті ,кейбір күрделі сабақтарға жоспар жасағанда да міндетті түрде Мұқаңмен ақылдасып отырдым.

Үйдегі қолтаңба жазылған кітаптар – бір кебеже! Оқып отырсаң, бірінен бірі өтеді. Ерекше бір сөз өнері көрмесіне кірген сияқты боласың. Осы ақындардың бәрі Мақатаевтың



жүрегінің дарқандығына, өлеңінің үнді, құдіреттілігіне, кеңдігіне, талантының биіктігіне, өзінің жеке басының адалдығына, азаматтығына бас иеді. Мұқағали поэзиясына шебер аудармашы мен терең талдайтын әділ сыншы керек.

***



Мұқаң үнемі үй жиһаздарын ауыстырып қоюды жақсы көретін. Көп жиһазымыз да жоқ. Мен мектепке жұмысқа кетсем, Мұқаң балаларға үстелдерді сүрткізіп, орындарын ауыстырып қойыпты.

Бірде осындай ауыстырудан кейін бір жолдастың әйелі келіп: «Жиһаз алғансыңдар ма? – деп жан-жағына қарап, таңданып тұрып қалды.

– Жоға, бұл –Мұқағалидың жалыққанда істейтін бір спорттық жаттығуы ғой, – деп шынын айттым...

Көңіл-күйі сәйкес келсе, Мұқаң көлдария болып, кейде палау басатын да, «Бұхар палауы», «Наманған палауы» деп атайтын. Палаудың пісуі көңілдегідей шықпаса, оның кемшіліктерін сөзінің дәмділігімен, мінезінің жайдарлығымен толтырып жіберетін. Қалай пісірілсе де, жемеске әбдің жоқ.

Анда-санда балаларына да, басқаларға да көрсетпей, насыбай ататын. Оны өзі алмайды, базардан мен алып келемін...

Аяқ-табақ сылдырлай қалса, құдай кешірсін, аракідік ашумен тегіс тиісіп, тілің тиіп кетіп, түгел сыбағасын үлестіруге тура келеді.

Бір ренжігенімде: «Ей, құдайда нең бар, мені-ақ ірей бер, жаратушыға тіліңді тигізбе!» – деп, кесіп тастады.

Ауылда бейіт басына барып, таныс-туыстардың зиратына дереу дұғасын оқитын.

***

1970 жылы жазда Мұқаш қатты ауырса да, Жазушылар одағына жұмысқа барып жүрді. Жұмекен Нәжімеденов екеуі бірге жұмыс істейтін еді, ол кісіден: «Мұқағали ауырып жүр, жұмыста қалай шыдап отырады?» – деп сұрағанымда: «Кешке дейін ешкіммен сөйлеспейді, өз ойымен отырады» – деді.

Үйдекөпүндемейді.Жұмыстан келген соң тамаққа да қарамайды, ештеңе жазбайдыда, оқымайды да: Бір үндеместік шаққа көштік. Өзім үй-ішіне білдірмей, іштей қорқып жүрдім.

Бір күні Мұқаң ерте жатып қалған еді. Балаларға тамақ беріп, жатқызып, жатын бөлмеге кірсем, ұйықтап жатыр. Түн жарымында ол айқайлап, шошып оянды. Мен ұшып тұрып, жарықты жақтым. Өзі сұп-сұр, терлеп кеткен. Ояна салып, аят оқыды. Сосын: «Қатты ұйқтап кетіппін. Жаныма аққа оранған біреу келді де: «Балаларыңның біреуін құрбандыққа бер, оларыңды қимасаң, өзің жүр!» деп сілкілеп жатыр. Содан шошып ояндым, Нақа. Қорқып тұрмын!» – деді өңі қашып, не істерін білмей, дағдарған қалпыппен отырып қалды. Бәріміз шошып, үрпиісіп қалдық. Сөйлерге дәрмен жоқ. Тек, үйдегі Мұқаңның анасы: «Сабыр ет, Мұқағалиым, Мұқашым, балаларың жас қой, «құрбандық» десе мен-ақ барайын, жасым келді, қарағым. Сенің де, балаларыңның да садағасы болсам арманым жоқ!» – деп жылап жіберді. Мен де жыладым. Мұқаң да өзін-өзі тоқтата алмай босап кетті...

Осылайша ауырып кезінің бірінде маған: «Қағаз алып, айтқанымды жазып қой», дегесін жанына кеп отырдым.

Оңға қара, солға қара, бәрібір,

Бұл фәнидің, жын фәнидің – бәрі кір!

Мүлде жаңа жан-жағың,

Жақсылығын таңдағын,

Жамандығын алмағын!

Ғылым да бар, дін де бар,

Қоқыс та бар, гүл де бар.

Адам-ата өлмесін,

Ақырзаман келмесін.

Қол қусырып Құдайға,

Ғылым мен дін бірге бар! – деп өлең шумақтарын төгіп-төгіп жіберді. Жазуға әрең үлгердім. «Осы өлеңдерді менің дәптерлеріме араластырмай, басқа бір жерге мұқиятты ғып қой», – деді. Кейінірек бұл өлеңді өзі қайта жазды.

Мұқағали–Жазушылар одағын «Өз үйі –өлең төсегіндей», өзінің жылы ұясындай, жығылса сүйейтін, қысылса көмектесетін –алдындағы ағасындай, кең тыныс алатын ақ ордасындай көрді. Бүгінге дейін өз басым – Жазушылар одағын Мұқағалидай жантәнімен емірене сүйетін адамды кездестіргем жоқ. Мұқашым: «Одағым, Одағым!» – деп, өтті өмірден.

Тіпті, ауруханада өмірінің ақырғы сағаттарында әбден арыған, сөйлеуге шамасы жоқ, кірпігі әрең қимылдап, ажал сәтін күтіп жатқан Мұқағали соңғы күшін жиып, әзерге тілге келіп: «Лашын, такси әкел, Одаққа барайық. Балаларым жас еді, бітпеген жұмыстарым бар еді...» – деп сыбырлады, құлағыма...

Ертесіне түн ауғанда көзінен жас сорғалап қиналып жатып, қазақтың қара өлеңінің қарағайы жалғаннан бақиға мәңгі атанды...



Өлеңінің өрісті тілі – қарашаның қазыналы тіліндей аса бай Мұқағали халқына піріндей сеніп:

«Әрине суық қайғы, суық қайғы,

Көңілін халқың бірақ суытпайды.

Егерде халық өзін ұмытпаса,

Бақыл бол, халқың сені ұмытпайды.

Қайырымсыз қағазға елің бас ұрмайды,

Саған деген сағыныш басылмайды.

Табытыңды жасырса, жер жасырар,

Ал, уақыт, өзіңді жасырмайды!»– деп, көзі тірі күнінде алтын әріппен жазып кетті.

***

Мұқаңнан төрт перзент бар: екеуі – ұл, екеуі – қыз. Тұңғышы Жұлдыз –прокуратура тергеушісі, Айбар – құрылысшы, Алмагүл – кітапханашы, Шолпан – шетел тілінің мұғалімі. Мұқаңның артында қалған тұяқтары өмірден қағажу көрмей, дені-бастары сау-саламат жүрсе екен, деп тілеймін, құдайдан!

Мұқағали өзінің тума таланты, дардай дарыны, асқақ ақындығы, еселі еңбегінің арқасында ешкімге кіріптар да болған жоқ, ешкім оны құлата да алған жоқ. Қайта жыл өткен сайын Мақатаев шығармашылығы әр қырынан жарқырай танылуда. Мұқағалидың орасан таланты мен ұлан-ғайыр еңбегі әлі өзінің әділ бағасын алған жоқ. Бұл бақыт – болашақтың еншісінде! Қазақ халқы аман тұрғанда, Мұқағали атаусыз қалмайды. Міне, солай...

МҰҚАҒАЛИ - 90

МӘҢГІЛІК ҒҰМЫР

Қанат Біржансал

Батар күн,
Келер түн,
Атар таң,
Шығар күн,
Бәріңе, бәріңе, бәріңе құмармын!
Осы мен осылай мәңгілік тұрармын,
Осы мен, сірә да, өлмейтін шығармын! – деп Мұқағали Мақатаевтың өзі жырлағанындай, жиырмасыншы ғасырдың таңғажайып ұлы ақынының өлмейтін мәңгілік ғұмыры жалғасып жатыр. Елі-жерінің ыстық ықыласы, жүрекжардысүйіспеншілігінің белгісіндей, ақынның 90 жылдығы туған жері қастерлі Қарасаз ауылында бастау алды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек КӨШЕРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Ақтоты РАЙЫМҚҰЛОВА және облысымыздың әкімі Амандық БАТАЛОВ, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ ақынның бюстіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Мұқағалидың әдеби-мемориалдық музейін аралап, ақынның жыр әлеміне саяхат жасады.

Ақын ауылындағы мәдениет үйінде өткен «Алаш жырының ақиығы» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның да берері аз болған жоқ. 90 жылдық мерейлі тойдың құшағында аудан орталығы Нарынқол ауылында жаңадан салынған елу тұрғын үйдің кілті салтанатты түрде тапсырылып, ауыл орталығынан бой көтерген ақынның еңселі ескерткішінің ашылу рәсімі өрнек тапты.

СӨЗ БАСЫ

Мұқағали Мақатаев – ұлтымыздан шыққан дара тұлға, аяулы ақын, қазақ әдебиетіндегі поэзия өлкесінің мәңгілік жарқырап тұрар шолпан жұлдызы. Сұрапыл соғыс жылдары балалық шағын ұрлаған ақын туған елі-жерін, Отанын жан-жүрегімен сүйді, ұлтымыздың тілін, дінін, бар жақсылығын құрметтеді. Елдігіміз бен Ерлік қасиеттерімізді ту етті. Жүрегінен жазылған жауһар жырларын көзін ашқаннан көрген жылы мекеніне, сүйікті Отанына, халқына арнады. Биыл Тәуелсіздігіміздің мерейлі 30 жылдығына ақынның 90 жылдығының тұспа-тұс келуі әбден жарасып тұр. Ұлтын, Отанын сүйген бірден-бір адам болса, Мұқағалидай болсын!

Қазақстан!
Пай, пай, пай!
Ардағым-ай!
Сен менің Шолпанымсың жанған ұдай.
Өзіңде өмір сүрген қандай бақыт,
Өлмейтін махаббатым, арманым-ай! – деп жырлаған ақынның осы өлең жолдарынан-ақ Отанына, елі-жеріне деген жүрегінің лүпілін естігендей боласың. Өлмес махаббатын шынайы түсінесің. Ұлтымыздың бірегей ұлын, дара перзентін аялаған, құрметтеген, ел көшін бастаған азаматтардан айналайық! Өз алдына қайта қалпына келген Райымбек ауданына осыдан бір жыл бұрын арнайы ат басын бұрып, жаңадан салынып, пайдалануға берілген әкімшілік ғимарттар мен тұрғын үйлердің салтанатты ашылуында сөз алған облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы: «Келесі жылдың жөні бөлек. Тәуелсіздігімізге 30 жыл, Мұқағалидың туғанына 90 жыл толады. Аяулы ақынымыздың тойына осы бастан дайындық жасау керек. Осынау қайта түлеген Нарынқол ауылының орталығынан бір еңселі ескерткіш тұрғызғанымыз жөн», – деп Нұржан Құдайбергенов бастаған өңір басшыларына құлаққағыс жасап кеткен еді. Бәрекелді! Сол шындыққа айналды.

ҚАРАСАЗҒА АРНАЛҒАН ӘСЕРЛІ ФИЛЬМ

Қоңыр күздің тамаша реңіне боялған Қарасаз ауылына, Қарасу мен Елшенбүйректің, Шалкөденің аумағына өзгеше көңіл-күй ауанымен алыс-жақын шетелден, республиканың түкпір-түкпірінен ат арылтып әдейі келген қадірменді қонақтарды,

қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерін ақынның жерлестері қуана, ыстық ықыласымен қарсы алды. Ақын-жазушылар Мұқағалидың бюстіне гүл шоқтарын қойып, оның жанындағы әдеби-мемориалдық музейін аралады. Қарасаз ауылында жұлдыздар жамыраған шақта мәдениет үйінде Мұқағалидың 90 жылдығына арналып шығарылған «Қарасаз көшелері» атты әдебитанымдық деректі фильмнің тұсауы кесілді. Фильмді көріп отырып тамаша сезімде, ыстық әсерде болдық. Қастерлі Қарасаздың бүгінгі тыныс-тіршілігі, ауыл тұрғындарының өмірі еш қоспасыз, боямасыз қаз-қалпында көз алдымызға келді. Мұқағалидың табаны талай тиген анау Қарасуға, Елшенбүйрекке тебіренбей қарау мүмкін емес. Қарасаз өңіріндегі әйгілі Шалкөде, Есекартқан, Айғайтас, Шәкрамбал, Тұзкөл секілді қарағайлары сап түзеп, орман-тоғайы көзді тартқан, ақ бұлақтары сығыр қаққан сұлу мекен тағы бір көз алдымызға келіп, осындай атамекеніміздің барына жанымыз жұбанып, қуанып отырғандай ғажайып күй кештік. Анау Қарасуға шомылып жүрген Қарасаздың қара домалақтарының бәрі Мұқағалидың жырын жатқа айтады. Бірінен-бірі қалыспай ақын өлеңдерін әуелетіп әкететініне қуана қарайсың. Адам жанына тек қана изгілікті ұялатып, рухани нәр беретін, болашаққа бет алған Мұқағалидың өлмес жырлары ауыл балапандарының өресін өсіріп, қиялын қанаттандыра беретініне бек сенесің. Қарасаздың көшесінен, шабындық төсінен, жайлаудың құшағынан кездескен кез келген жерлестері ақын жайлы жақсы сөзінің соңын ақын жырымен түйіндеп жататынын айтасаңызшы?! Қалай десек те, Мұқағалидың туған ауылы туралы 90 жылдығына тамаша тарту болған «Қарасаз көшелері» атты әдебитанымдық, деректі фильмді дүниеге әкелген азаматтарға авторы, продюсері Сержан Молдасанұлына, режиссері Жандос Еспенбетовке, композиторы Ермек Елгезекке және фильмге арқау болған Еркебұлан Дайыровқа, Олжас Сыдықбекке, Сафуан Шаймерденовке, Тілеулес Құрманғалиевке алғыстан басқа айтар жоқ. 90 жылдыққа арналған әсерлі туынды жанымызды баурады. Ақын туралы түсініктанымымызды одан әрі кеңейте түскендей болды. Туған атамекенімізге деген сезімімізді одан сайын алаулатып, махаббатымызды маздата түскендей күйге түстік.

Рас, ақынның биылғы 90 жылдығына бір Алламыздың қалауы шығар, тұспа-тұс келген дүние жетерлік. Мұқағали көзі тірісінде диктор болып еңбек еткен Қазақ радиосының алғашқы хабарын тарата бастағанына 100 жыл толды. 90 жылдыққа арналған фильмнің тұсаукесері Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына, Мұқағалидың 90 жылдығына және Қазақ радиосының 100 жылдығына орай Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ Радиосы бірлесіп ұйымдастырған «Еркін елдің ертеңі» атты республикалық жас ақындар мүшәйрасының жеңімпаздарын марапаттауға ұласты. Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет пен Қазақ радиосының Алматы қаласындағы бөлімшесінің басшысы, ақын Бақыт Жағыпарұлы жас ақындарға сый-құрмет көрсетті. Мүшәйраның қорытындысымен Тараз қаласынан қатысқан Жұматай Көксубай 1 орынды иеленді. Маржан Ілімхан мен Құндыз Тасқынбек 2 орыннан көрінді. Арман Қайыпұлы, Назгүл Алаудин, Әли Бекмұханбет, Нұркен Құмарбек 3 орынға ие болып, жеңімпаздардың барлығына



қаржылай сыйлық берілді. Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның әншілері, өнерпаздары сахна төсін әсем сазға бөлеген тұста жеңімпаз жас ақындар да туындыларын шарықтатып, жүректерді баурап жатты.

АЛАШ ЖЫРЫНЫҢ АҚИЫҒЫ

...Айналайын!
Атамекен, Ақ мекен!
Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?!
Туған өлке тәтті екен ғой,
Тәтті екен! – деп Мұқағали жырына қосқан қастерлі де қасиетті Қарасазды көрген де арманда, көрмеген де арманда. Қазақтың аяулы ақынын топырағында жаратқан Қарасаз Мұқағалидың мерейлі тойлары тұсында әрдайым бір толқып, бір толғанып, жадырап, жайнап, жаңғырып жатады. Хантәңірі шыңындай асқақтай түскен ақиық ақын ұлының арқасында жыл сайын көркіне көрік қосып, гүлденіп, түрленіп келеді. Қарасазда туған балапандардың барлығының ақын жырымен үндесіп, тілдесіп өсіп-өніп, ер жетіп келе жатқаны сүйініш. Ақын ауылынан Мұқағалидың жырын жатқа айтпайтын бірде-бір қара домалақты кездестіре алмайсың.

Қасиетті жұма күні жақында ғана Мұқағалидың жақын бауыры, өлең мен өнердегі айнымас серігі болған көрнекті ақын Еркін Ібітановтың есімі берілген ауылдағы Мәдениет үйінде Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған «Алаш жырының ақиығы» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясы жұмысын бастады. Рас, өмір мен өнерде еркін күн кешкен Еркіндей ақын ағамыздың мәдениет үйіне есімінің берілуі Мұқағалидың 90 жылдығына тұспа-тұс келгенін шын мәнінде жарасымды, айта жүрер ізгі дүние болды. Кештің тізгінін қолына алған ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып ақын тойына келген қадірменді қонақтармен таныстырып, алғашқы сөз кезегін белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулетке берді.

– Құрметті қаламгер қауым! Қасиетті Қарасаздың ел-жұрты! Бүгінгі күн ерекше есімізде қалар тарихи күндердің бірі. Мұқағали – мәңгілік ғұмыр. XX ғасырдағы классик ақын. Халық ақыны, ұлтымыздың мақтанышы. Тұла-бойына ғажайып дарын, асқақ талант, сарқылмас қабілет-қарым дарыған ақын. Көзінің тірісінде қазақтың қарапайым қара өлеңін жауһар жыр маржандарымен толықтырып кетті. Адалдық пен арамдықтың, жақсылық пен жамандықтың, әділдік пен жалғандықтың, ақ пен қараның ара жігін ашып көрсететін жауһар жырларымен ел жүрегінен ыстық орын алды, Хантәңіріндей биігіне көтерілді. Сол өлмейтін өлеңдерімен Мәңгілік ғұмыры жалғасып жатыр. Бүгінгі басқосу, ертең жалғасатын жақсылықтар соның жарқын көрінісі, – деді Ұлықбек Есдәулет шынайы көңілімен. Жазушылар одағының атынан Мұқағалидың ұлы Жұлдыз бен келіні Бақытгүлге, қыздары Алмагүл мен Шолпанға лайықты сый-құрметін көрсетті. «Өзі мен көзіндей ұрпақтары аман болсын» деген жылы ниетін білдірді.

Келелі басқосуда Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, республикалық «Мұқағали» журналының бас редакторы, ақын Батық Мәжитұлы «Азаттықты аңсаған ақын» атты айтары анық, қозғары терең, берері кенен баяндамасын жасады.

«Бұлай дегенде, әсірелеп отырғанымыз жоқ. Бәрі ақын жырында сайрап тұр. Мысалы, балалар жаттаған «Үш бақытым» өлеңін қайталап оқыңызшы. Ақын қазаққа керек үш бақытты бөліп қарастырған. Неге олай? Себебі, осынау үш қажеттілік түгел болса, ел атанудың заңдылығы толық сақталады.

Ошақтың үш бұты секілді киелі тұғырдың біреуін құлатсақ, аманатқа қиянат жасағанымыз. Жеңіс туын қолдан бергеніміз, қор болғанымыз. Егемендік үшін күрес биік талғамнан, ақ-қараны ажырататын танымнан басталады. Ұлттық мұрат – әр қазақтың келешегі. Ақын өз оқырманын осыған тәрбиеледі. Уәдеден таймауға, қиындықтан қашпауға шақырды. Асыл жырдың астарына үңілсеңіз, асқақ ойлар арқаңызды қоздырады.

Ақын үш құндылықты негіз еткен қарапайым теорияны алдымызға тартты. Бірінші бақытың – халқың, екінші бақытың – тілің, үшінші бақытың – Отан деді! Осылардың біреуін тәрк етсең, бақыт құсы басыңнан ұшады. Егер халқың көбейіп, тілің құрыса, өскеннен, өркендегеннен не пайда?! Бұл – тірі жүріп жоғалғанмен бірдей. Ал, тіл мен халық түгенделіп, Отансыздыққа ұрынсаң, құлдықтың қамытын кигенің! Үш күн бірдей күлімдеп нұрын төксе – азат өмір сүргенің! Сонау 70-ші жылдардың аясында ақиық ақын көкейімізге азаттықтың ұрығын септі. Сондықтан Мұқағали Мақатаевты күрескер емес деуге аузымыз бармайтын

шығар?!» – дейді Батық Мәжитұлы баяндамасында Мұқағали арқылы қазіргі таңдағы өзекті мәселелерді алға тартып.

Конференцияда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқарманың басшысы Марлен Көлбаев сөз алып, ақынның 90 жылдығы аясында биыл жылдың басынан қолға алынып, жалғасын тапқан жақсы істерді тілге тиек етті. Жақында ғана мәресіне жеткен халықаралық кәсіпқой суретшілердің пленэрін алға тартты. Жалпы, 90 жылдық аясында атқарылатын қыруар жұмыстарға бюджеттен 1 миллиард теңге қарастырылып, жұмыс жүргізілгенін атап айтты.

Мұқағалидың 90 жылдығына алыс-жақыннан қадірменді қонақтар қатысты. Атап айтқанда, «ТҮРКСОЙ» ұйымының Қырғызстан Республикасының арнаулы өкілі, белгілі ақын, аудармашы Қожагелді Құлтегін мен Мұқағали жырларын түрік тіліне аударған, Түркиядан арнайы келген Кенан Чарбоға, Қырғызстан Ұлттық Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Керімбек Қадырақунов сөз алып, жүрек жарды лебіздерін жеткізді.

Осынау мерейлі тойға Елордамыздан арнайы келген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, жазушы, журналист Нұртөре Жүсіп ыстық лебізімен бірге ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевтің ел-жұртқа арнаған сәлемін жеткізіп, құттықтауын оқып берді. Қазақтың ақын қыздарының бірі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қанымбүбі Есенғараева Мұқағали туралы ойларын ортаға салып, аяулы ақын ағасына мұңын шаққан арнау жырын төгілтті. Ұлы ақынды дүниеге әкелген Қарасаз топырағына, халқына әрдайым басын иіп, құрметтейтінін жеткізді.

Келелі басқосуда белгілі әдебиеттанушы, сыншы, Мұқағали атындағы сыйлықтың иесі Амангелді Кеңшілікұлы ақын туралы «Құбылыс» атты, филология ғылымдарының докторы, профессор Сәмен Құлбарақов «Ұлылар үндестігі» атты, филология ғылымдарының докторы, профессор Байынқол Қалиев «Мұқағалидың тіл шеберлігі» атты қысқаша баяндамаларын көп назарына ұсынды. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Шерубай Құрманбайұлы «Мұқағали тілі сөздігі» атты тақырыпта тамаша ойларын ортаға салды. Айтулы ғалым Байынқол Қалиұлы жауапты редактор болған, Шерубайдың өзі атсалысқан «Мұқағали тілі сөздігі» атты еңбек 2015 жылдан қолға алыныпты. 2019 жылы жарық көрді. 1064 беттен тұратын сөздік 39836 тілдік бірлікті құрайды. Жалпы, Мұқағалидың 2013 жылы «Жалын» баспасынан шыққан көптомдық шығармаларының толық жинағында 1064 өлең, 81 аударма, 14 поэма, 1 дастан, 4 әңгіме, 2 новелла бар. Рас, ақынның 90 жылдығының қарсаңында жарық көрген «Мұқағали тілі сөздігі» ақынды танып-білгісі келетіндерге көптен-көп көмек беретін аса құнды дүние, үлкен еңбек. Бұл үшін осы мақсатта үлкен еңбек еткен ғалымдарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Конференцияда филология ғылымдарының докторы, профессор Дүкен Мәсімханұлы «Мұқағали поэзиясындағы адам концепциясы» тақырыбы төңерегінде ой толғады. «Біз Мұқағалиды ұлттың ақыны, рухтың ақыны деп жүрміз. Енді адамзаттың ақыны деп атасақ ұтылмаймыз», – деді сөзін түйіндеп.

– Мұқағали – Абай мен Мағжаннан кейінгі ұлы ақын. Көзінің тірісінде елі-жерін жанындай жақсы көрді. Халқының амандығын, жақсылығын тіледі. Еркіндікті аңсады. Ақиқатты айтатын тура мінезді ақын болды. Жаман әдет, әрекеттерге қарсы тұрды. Қазақтың поэзиясын шырқау биігіне көтерді. Мұқағалиды барлық тілде сөйлетуіміз керек. «Мұқағали» журналы – құнды журнал. Әр үйдің төрінде тұрса артық етпейді. Ақынға Елордамыздан, басқа қалалардан ескерткіш тұрғызу керек. Кеген ауданына Мұқағалидың атын беру туралы мәселе жабық күйінде қалмауын қалаймыз, – деді белгілі қаламгер, қоғам қайраткері Рысбек Сәрсенбаев.

Конференцияда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, кезінде Мұқағалимен бірге диктор болып жұмыс істеген Бақытжан Атагелдиев сөз алып, игі тілек-ниеттерін білдірді. Арқалы ақын Ержан Алаштуған Мұқағалиға арнаған «Жол соңына жолдаулар» атты поэма-эпистоласынан үзінді оқыды.

Ақынның 90 жылдығы қарсаңында Райымбек ауданы мен республикалық «Мұқағали» журналы бірлесе отырып, «Білгің келсе, алдымен зертте мені» деген атпен ғылыми-танымдық мақалалар үшін бәйге жариялаған болатын. Осы бәйгені ұйымдастыру алқасының төрағасы, «Балдырған» журналының бас редакторы Дүйсен Мағлұмов бәйге жеңімпаздарын жария етті. Бас бәйге – 1 миллион теңге «Құбылыс» атты мақаласы үшін Амангелді Кеңшілікұлына берілді. Бірінші бәйге – 700 мың теңгеге «Ұлылар үндестігі» атты мақаласы үшін Сәмен Құлбарақ ие болды. Жалпы, Дүкен Мәсімхан, Жанат Әскербекқызы, Бекен

Ыбырайымов бәйгелі болды. Ынталандыру сыйлығы Ермек Зәңгіровке, Мақұлбек Малдарбековке, Бағашар Тұрсынбайұлына тапсырылды. «Алжан-Шажа» қоғамдық қоры тағайындаған 200 мың теңгелік арнайы жүлде Нұрлан Сәрсенбайға берілді. Конференцияның соңында «Мұқағали» қорының төрайымы Бақытгүл Айдарова ақынды зерттеу, танып-білу, құрметтеу тұрғысында елеулі еңбегін сіңіріп жүрген Байынқол Қалиұлы, Жақыпжан Нұрғожаев, Светқали Нұржан сынды бірқатар қаламгерлерге қор атынан естелік төсбелгілер тапсырды. 90 жылдықты ұйымдастырған облыс әкімдігіне, Райымбек ауданының азаматтарына ақын әулеті атынан алғысын айтты.

ЕСКЕРТКІШ БОП ОРАЛДЫ ЕЛ-ЖЕРІНЕ

Иә, Мұқағалидың 90 жылдығын жоғары деңгейде атап өтуге облысымыздың әкімі Амандық Баталовтың өзі назарын аударды. Осы мақсатта облыста жұмыс тобы құрылды. Мерейлі жыл ауқымында ақынның ауылы Қарасаз, іргелес Сарыжаз ауылы, аудан орталығы Нарынқол ауылы лайықты абаттандырылды. Қарасаз ауылына дейінгі жол жасалды. Ақынның әдеби-мемориалдық музейіне, А.А.Барманбекұлы атындағы мектеп-гимназияға, Мәдениет үйіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Ауыл – ел бесігі» атты мемлекеттік бағдарлама аясында Қарасаз ауылындағы ауызсу жүйелері қайта жаңғыртылуда. Қарасаз ауылындағы өнер мектебі үшін жаңадан ғимарат салу мәселесі де қолға алынған. Той қарсаңында Райымбектей батыр бабамыздың ескерткішінің айналасы жаңғыртылды, жарықтандырылды. Биылғы жылы көлемі 3 гектарды құрайтын Мұқағали атындағы саябақтың жұмысы да қолға алынған.

Сенбі күні өз алдына қайта қалпына келгеніне 3 жылдан асқан Райымбек ауданының орталығында жаңадан салынған, үш бөлмелік, заманға лайық жабдықталған 50 тұрғын үйдің кілті салтанатты түрде тапсырылды. Осынау игі шараға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова және облыс әкімі Амандық Баталов арнайы қатысып, тұрғын үйдің кілтін табыстады. Мемлекеттік хатшы Қ. Көшербаев ауыл тұрғындарына жүрегінен шыққан ізгі тілек-ниетін жеткізді. Қоныстой қуанышына Мәдина Жүкеева бастаған көп балалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар, мемлекеттік және құқық саласының қызметкерлері ие болды. Жаңа қоныс иелерінің атынан аудан әкімдігі жалпы бөлімінің бас маманы Беглан Сәкен, аудандық аналар кеңесінің төрайымы Балжан Омарова сөз алып, Райымбек ауданын қалпына келтіруге негіз қалаған Тұңғыш Президент – Елбасы Н. Назарбаевтың атына және облысымыздың әкімі Амандық Баталовқа аудан тұрғындары атынан алғыс айтты. Мәртебелі қонақтар бұдан соң аудан орталығынан жаңадан салынып, пайдалануға берілген спорттық-сауықтыру кешенін аралады. Жас спортшыларға ойын доптарын сыйға тартты.

Қазан айының 2 жұлдызындағы тарихи күні аудан орталығынан орнатылған Мұқағалидың еңселі ескерткіші салтанатты түрде ашылды. Биіктігі 8 метр, қоладан құйылған, тұғыры граниттен тұрғызылған еңселі ескерткіштің айналасы жүздері жайдары қалың көпшілікке толы болды. Сөз орайында ескерткіштің сәулетші А. Рүстембеков пен мүсінші Қ. Кәкімовтың қолынан шыққанын айта кеткен жөн. Жақсы күнгі жан тебірентерлік тарихи оқиғаның аталы да баталы сөзін айтқан Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев: «Осында келгелі аудан туралы жақсы әңгімелерді естіп, қуанып жатырмын. Туған жеріне жастар, өзге де тұрғындар көптеп келіп, тұрақтануда екен. Мұқағали – ұлтымыздың мақтанышы, жырдың асыл қазынасы! Елбасы мен Президенттің бастамасымен ақынның ғасырлық тойын ЮНЕСКО көлемінде өткізуге ұсыныстар дайындалуда. Ұлтымыздың біртуар перзентіне қандай құрмет көрсетсек те артық емес. Мерейтой құтты болсын!», – деп сөзін жалғаған мемлекеттік хатшы қалың көпшілікке, қадірменді қонақтарға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ыстық сәлемін жеткізіп, құттықтау хатын оқып берді. ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова: «Мұқағали – қалың оқырманының жүрегіне ыстық ұялаған қымбат бейне, аяулы ақынымыз. Ақынның ел мен жерге арналған, адамгершілік асыл қасиеттерге үндейтін ғауһар жырлары болашаққа бет алып барады. Ақын жырларының өсіп келе жатқан жас ұрпаққа берер рухани нәрі, тәлімі, тағылымы мол. Ақынның ауылы Қарасазға, аяғы тиген Нарынқол ауылының топырағына үлкен әсермен, толғаныспен келдік. Музейінен алған әсеріміз де бөлек. Жаңа ғана салауатты ұрпақ тәрбиелеуге негіз боларлық спорттық-сауықтыру кешенін араладық. Ақын жерлестерінің атар таңдарынан көрер жақсылықтары мол болсын», – деді шынайы көңілімен.

– Қымбатты көпшілік! Мұқағалидай ақиық ұлы ақынымыздың 90 жылдығының лайықты түрде өткізіліп жатқанына қуанамыз. Осынау тойға Елордамыздан арнайы келіп

Мемлекеттік хатшының, мәдениет және спорт министрінің ортақтасып жатқаны да үлкен оқиға. Аудан қайта қалпына келгелі екі мыңға тарта жас, бес жүздей отбасы атамекеніне оралды. Жаңа тұрғын үйлер, құрылыс нысандары бой көтеріп, ауылдың ажары ашылды. Мұқағалидай ақыны бар ел бақытты. Ақынның рухы баршамызды қолдап жүрсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, ғұмырлы болсын!, – деді облыс әкімі Амандық Баталов.

Салтанатты сәтте Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мақпал Мыса, Мұқағалидың ұлы Жұлдыз Мақатаев сөз алып, ақын рухына бағытталған жүрекжарды арнау өлеңдерін оқыды. Сөйтіп, ақын 90 жылдығында туған атамекеніне ескерткіш болып оралды. Мұқағалиға деген пейілі бөлек қара орман-дай халқының қуанышында шек болмады. Біз Мұқағалидың 90 жылдығын лайықты өткізуге барынша қолдау көрсеткен облыс әкімі Амандық Ғаббасұлына, тойды әсем әнмен ажарлап, күймен көмкеріп, бимен айшықтаған өнерпаздарға және 90 жылдықтың бар ауыртпалығын көтеріп алған Нұржан Құдайбергенов бастаған Райымбек ауданының азаматтарына, барша ел-жұртына айтар алғыс шетсіз де шексіз!



ТҮЙІН

Мұқағалидай аяулы ақынымыздың 90 жылдығы тұсында ақынның ел мен жерге деген ыстық пейіліндей, көптен күткен жаңбыр жауды. Ақын көңілінің ақтығындай, жанының, тілек-ниетінің пәктігіндей, таулы өлкеге алғашқы қар түсті. Ақын туған өлке ақ қарға оранды. Осының бәрін дүйім жұрт жақсылыққа жорыды. Мерейтой тұсында Елордадан сүйіншілеген жақсы хабар жетті. Нұр-Сұлтан қаласындағы №74 мектеп-гимназияға Мұқағалидың есімі беріліпті. Үлкен қуаныш, ерен жақсылық. Мұқағалидың өзі «Мен XXI ғасырдың құрдасымын, бәлкім, одан әрідегі ұрпақтардың туысымын да», – деп болжап кеткеніндей, асқақ тұлғалы ақын болашаққа, мәңгілікке бет алып барады...



ПЕРЗЕНТ ПАЙЫМЫ

ӘКЕ туралы сөз

Жұлдыз Мұқағалиұлы
МАҚАТАЕВ



Жылдар жылжып өткен сайын Қарасаздағы екі бөлмелі сол там үй жиі есіме түсетін болып жүр. Оның табалдырығын кезінде Мақатай атамыз, оның кемпірі Тиын әжеміз және Мұқағали ақынның әкесі Сүлеймен атам аттаған екен. Мен де сол үйдің соңғы кездерін көріп қалдым. Алпысыншы жылдары саздауыт жерге орналасқан ескі Қарасаз ауылының астынан су шықты да, ауыл жаңа қонысқа көшуге мәжбүр болды. Сол кезде ескі Қарасаздағы әлгі там үйіміз де бұзылды. Бұл қазақтың шағын ауылының бір жаңа өмір белесіне бет бұрған кезі секілді еді. Әкемнің өміріне, поэзиясына өшпес із қалдырған ауыр соғыс жылдары артта қалған...

Алпысыншы жылдардың басында әкем қалада болатын.

Кейін білдім, «Мәдениет және тұрмыс» жорналында қызмет істепті. Мен болсам 6-7 жасар баламын. Там үйдің төбесіне шығып алып, әкемнің ауылға келуін зарыға күтіп отыратынмын. Таулардың арғы жағында мен білмейтін ғажайып бір өлке бар, сол өлкеден әкем ауылға келетін сияқты көрінетін... Сағына күтуімнің базарлығы ретінде әкем де ауылға келіп тұрды. Ол мен үшін бір бақытты сәттер еді. Әкем Қазақ радиосында диктор болып та қызмет істеді. Даусын радиодан есту – ауылдағы біз үшін ерекше бақыт!

Ол ауылға келгенде жанында шағын денелі, жүзі сұсты бір мұртты кісі жиі болушы еді. Кейін білдім, бұл адам қазақтың танымал ақыны Тоқаш Бердияров екен. Өмірінің соңғы кезіне дейін Тоқаш ағамен әкемнің байланыстары үзілген жоқ. Ол кісіні жас шамаларының алшақтығына қарамай,

әкемнің досы деп те қарауға болушы еді. Тоқаң соғысқа басынан аяғына шейін қатынасқан, кезінде теңізші болған. Ертемен әкем мен Тоқаш ақын там үйдің алдында белдерін жалаңаштап тастап, тастай суық тау суына жуынып жатқан бейнелері әлі көз алдымда. Сонда Тоқаш ағаның денесінің дәл жүрек тұсында мұртты сұсты адамның, ал арқасында тушпен салынған күн шығып келе жатқан суреттерді байқап қалдым. Мұртты адам сол кездегі қоғам табынған Сталин атамыздың бейнесі екенін кейін білдім. Тоқаң мені қорқытпақшы болды ма, әлде қалжыңы ма, иықтарын қиқаңдатып қозғалтып еді, денесіндегі жаңағы адам бейнесі мұрттарын қозғалтып қимылдағандай болып көрінді маған... Баламын ғой... Мәз болам.

Қазір сол кішкентай ауыл Қарасаздан бастау алған өмір жолы, әкемді Алматыға жетелеп, қазақ поэзиясы атты үлкен өнер додасына қосқан қандай тылсым күш деп ойлаймын. Біздің тұқымда жаугершілік заманда батыр бабаларымыз көп шыққан екен. Бірақ әдебиет пен өнер саласынан топ жарып шыққан адамдар аса көп болмаған секілді. Әкемнің көзінің тірісінде мына адам менің ұстазым, сол мені поэзияға баулыған, содан үйрендім, соған еліктедім дегенін өз басым естіменпін. Керісінше, ол: «не сотвори себя кумира» немесе «өз болмысыңа жат нәрсеге еліктеме», – деп отыратын.

Қазір ойлап отырсам, әкем сынды халық мойындаған дара ақынның алғашқы қадамы да, ұлы жолдағы тұңғыш сапары да сол Қарасаздағы қазақтың қара тамынан бастау алған екен. Мұнда мен әкемнің поэзиясына арқау болған қазақи тұрмыс тірлікті айтып отырған жоқпын. Менің айтпағым, сол там үйдің киесі, бүгінгі ұлы ақынға ыстық ұя болғаны, қанаттандырғаны. Сол там үйдің бар байлығы оның ішінде жиналған кітаптар еді. Мен дүниеге келгеннен бастап көргенім әкем жинаған сан түрлі әдеби, көркем кітаптар. Кейін, естияр шақта, сол кітаптарды парақтап отырып, барлығының ішінен қарындашпен белгіленген әкемнің кейбір түртпелері, пікірлері жазылғанын көрдім. Яғни, бұл кітаптар баяғыда, сол Қарасазда әкем сусындаған білім кәусары екен ғой. Осыдан айтпағым, әкемді ұлы ақын жасаған тек қана оның Алла берген тума дарыны ғана емес, оның сол дарынды ұштаған, өз бетінше оқу арқылы жетілдіре түскен ізденгіштігі, зор еңбекқорлығы, болашақта өз сыбағасы барын біліп, өз тағдырын өзі болжағандығы секілді болып көрінеді маған.

Тірі кезінде, әкемнің жазу столында Абай атамыздың шағын бас мүсіні – бюсті тұратын (әзір мұражайда). Өлең жазуға отырған сайын ол өз еңбегінің сол күндегі өнімділігін сол мүсінге қарап, өзінше бір жору жасайтын. «Шалдың қабағы бүгін маған ашық-жарқын, шамасы еңбегім нәтижелі болатын шығар», – дейтін. Ал кейде «шалдың қабағы бүгін түсіп кетіпті ғой, әй қайдам, бүгін жазуға шабытым келмейтін шығар», –деп налитын.

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,
Абай жаңнан бір сәуле сөнбеу үшін, –

деп жазған әкем қазақтың қара өлеңі деген қасиетті ұғымды өзінше маздатып, жанжақты дамытып халқының рухани қазынасына айландырды.

Жоғарыда «әкем жеке тұлғаларды дәріптеп көп үздіккен жоқ», – дедім. Сонда да көзі тірісінде ол дәріптейтін бір тұлға бар болатын. Ол кісі туралы айтқанда, әкемнің көзі бал-бұл жанып, ой теңізін кешкендей болатын. Ол – біздің Тиын әжеміз еді. Оның әжесіне деген немерелік махаббаты бөлекше екенін әкемнің өз аузынан жігіт болып қалған кезімде де талай естідім. Әр қазақтың ауылында ел сыйлайтын адамгершлігі мол, ерекше тұлғалар болады емес пе. Біздің Тиын әжеміз де бүкіл ауылды аузына қаратқан сондай сыйлы аналардың бірі екен. Өле-өлгенше әкеміз сол әжесін шешем деп, ардақтап өтті. Арина Родионовна ана ретінде Пушкинге қандай әсер етсе, біз көрмеген әке сөзінен естіген Тиын әжеміз де болашақ ақын немересін аялап өсіріп, қанатының қатаюына, болашақ ақынды, адалдың жолында аянып қалмауға баулыған екен.

Балалық шақтың жарқын кездерін еске алсаң тәнің, жаның еріксіз жылыйды. Қамсыз кезең, әкең мен шешең әлі жас, қасында, сенің сәби дүниеңді алаңдатар бір-ақ нәрсе – ол тек қана ойын баласының қызығы мен шыжығы. Сол сәттердегі айналадағы болмыс сенің қабылдауыңның балғын кезі болғандықтан ба көпке дейін есте қалады екен. Ұмытпасам, 60-шы жылдардың басы болатын. Сол жылдардағы кеңес қоғамындағы болып жатқан «жылымық» атты ұлы өзгерістердің әсерінен болар, Алматыға АҚШ-тан келген бір үлкен көрме болды. Сол көрмеге әкем мені де алып барды. Ол кездері ол 30-дардан жаңа аса бастаған жас болатын. Сол көрмеде ол жас жағынан өзімен шамалас, бойшаң үш американ жігітімен шүйіркелесе кетті. Олардың біреуі қара нәсілді, ал қалған екеуі ақ нәсілді болатын. Бір-бірімен ыммен сөйлесіп, олар бір-бірін жақсы түсініп мәз болып жатқанын көріп қайран қаласың. Көздерінде бір-біріне деген ынта, қызығушылық танылып тұрды. Бір-бірінің иықтарынан қағып, олар мәре-сәре болып қалды. Екі жақтың бір-бірін білісуге шын пейілі болса, ешқандай тілді білмеу мәселесі әсіресе жастар жағына еш кедергі бола алмайтынын мен сонда көріп, куә болдым. Әлі есімде

кездесудің соңында, негр жігіті маған АҚШ-тың туы түрінде жасалған қалам сыйлады. Содан кейін, Горбачевтың «перестройкасына» дейін мен американ азаматтарын көрмеппін.

Тағы бір бала кезімнің суреттері. Бұл сәтте әкем және мен «Алатау» кинотеатрының алдында орналасқан ату (тир) бөлмесіндеміз. Алдында тұрған нысана ойыншықтарды маған алып бермек болып әкем соларды мылтық – «воздушкамен» атып жатыр. Айта кететін нәрсе – ол мылтықты жәй адамдар сияқты екі қолмен атып жатқан жоқ, жәй оң қолымен ғана ұстап барлық алдында тұрған ойыншықтарды жусатып жатыр. Оның өз сөзімен айтсақ: «тау тағысына мылтық таңсық нәрсе емес». Мылтықты осындай мәшпен атудың ар жағында кәнігі аңшы тұрғандығын мен ол кезде қайдан білейін.

Тағы бір сәт – Алматы зоопаркі. Алматылықтардың қала шуынан қашып, бір сәт бой жазатын жері. Ұмытпасам, парктың кіре берісінде шахмат тақтасын ойнау үшін жалға беретін алаң бар болатын. Шахмат, бильярд ойындарын әкем өте жақсы көрді (оның айтуынша «шахмат пен бильярд – мидың гимнастикасы»). Аталған жерде де әкем шахматты жәй ойнап, ойыннан соң тарасып кетпейтін. Бұл жерге шахматты өте жақсы ойнайтын адамдар жиналатын. Әкем шахмат столына отырады, алдында қарсыласы. Олар бір-бірін ыммен түсініп, шахмат тақтасының астына өз келісімдеріне қарай тиісті соманы жасырады (ол кезде ақылы ойын ойнау өңімізде емес түсімізге де кірмеген). Содан кейін ұзақ-сонар ойындары басталатын.

Тағы бір есімдегі жағдай, жас кезімде, әр нәрсенің басын шалып, Алматының 60-жылдардағы балалары сияқты мен де спорт түрлерімен көп айналыстым. Бұл жағынан ауыл балаларынан қаланың қарасирақтарының мүмкіндіктері көп болатын. Бірде орталық стадионда Рожков атты тренерде (кезінде атақты боксшы болған) бокс үйірмесіне қатынастым. Бірде менің бокс үйірмесіне қатынасып жүргенімді менен біліп, Рожковтың жайын сұрады. Мен таң қалып, одан Рожковты қайдан білетінін сұрадым. Ол маған Рожковпен бірге бокспен айналысқанын айтты. Әкемнің осындай бір қыр-сырлары көп болатын.

...Келесі әңгіме әкем мен шешем туралы. Осы екі ұғымда мен білетін бір шындық – ол бір-біріне деген адалдықтары. Әкем – шығармашылықтың және сезімнің адамы. Поэзиясындағы алапат күшке сай мінезі де, сыр-сипаты да сан-қилы. Бірде жайдары, бірде мұңлы... Бірде ашу-ыза... Кімге?.. Не үшін?... Оны өзінен басқа ешкім біліп болмайды. Сол мінездерге төтеп берген «қайран менің шешем» деп ойлаймын кейде. Қазақтың әйелдеріне тән көнбістік сенде де мол болды ғой, анашым!

Тағдырыма тура келген серігім,
Мен бейбаққа сыйлады екен сені кім?!
Шар басымда, шаңырағым, сен тұрсың,
Басқалардың барлығынан жерідім.
Ауырлықтың көтердің-ау көбін сен,
Сенен келіп қуат алдым жеңілсем.
Сен жер болдың, нөсер болып төгілсем,
Шұғыласың, қара бұлт боп көрінсем.
Мен түн болсам, сен таң болдың жаңа атқан,
Мені қола, сені шойын жаратқан.
Мен ашу да, сен аңылсың нәрі аңған,
Сен – Адамсың, мен – аждаһа зәр атқан...

Өле-өлгенше әкем «бізге шешелеріңді сыйлаңдар, ренжітпеңдер» деумен кетті. Сыйлайтын қасиеттері мол болғандықтан айтады да. Екеуі де көздері тірісінде бір-бірінен алшақтап, араларын суытпады. Өйткені жастың кездерінде табыстырған махабаттары шынайы болды. Балалық шақтары болмаған, екеуі де соғыстан кейін бейнетті аз көрмеген ұрпақ өкілдері еді. Екеуі де махабаттарына адал еді, сол адал күйі бұл дүниеден өтті, жарықтықтар.

Қазіргі жігіт ағасы болған шақта аңғарғаным, менің әкем тек адалдықты ту етіп, ойын ашық айтып, қиянатшылдарға қыранша түйіліп, қиналғандарға қол ұшын беруді өзінің азаматтық, ақындық парызы санап ғұмыр кешті. Ол мына дүниеде бір Жаратушы Ұлы күштің барына ерекше сенетін... 2011 жылдың 9 ақпаны алдында, тура ақын Мақатаевтың 80 жасқа толатын күні қарсаңында, Алматы облысының Еңбекші қазақ ауданындағы Сөгеті ауылында тұратын саятшы Мұхамед Исабеков /Мүлік/ деген бауырымыз сол маңайдағы Итөлген сайы аталатын жерден Асы жайлауына асатын тұстан табиғаттың өзі таудың алып тастарынан қашап жасаған әкемнен аумайтын екі-үш қабат үлкен үйдің аумағындай жерді алып жатқан биік төбеден табиғи мүсінді көріпті. Көрген сәтте әлгі табиғат сыйлаған алып тас мүсіннің ақын Мұқағали Мақатаевтан аумайтынын ауылдастарына, одан соң Алматыдағы қаламгерлерге хабарлапты. Құдайдың құдыретін қараңызшы!?.. Алып тас мүсін – биікте тұрған алып МҰҚАҒАЛИ ақыннан аумайды. Маңдайы, шашы, бет-әлпеті, бәрі-бәрі тура өзі секілді!?. Жазушылар одағынан және телеарналар тілшілерімен бірге мен де бардым. Тура 80 жылдық мерейтойы басталатын сәттегі табиғаттың мына тосын сыйына таңқалдым... Таңқалдым да АЛЛАҒА шүкіршілік айттым...

Алла – ақиқат. Аллаға сеніп өтем,

Адалдың пен ақиқат серік екен...

Тірлігінде талай қиындықты бастан кешіп, небәрі 45 жасында бақилық болған әкеме ЖАРАТҚАН ИЕМНІҢ мынандай сый жасағанына қайран қалдым!?. Өзі айтпақшы, ол ірі қызметте де болмады. Байлықтың да рахатын көрді дей алмаймын. Алайда өз дәуірінің шындығын тасқа қашағандай, ерекше әсерлі, барынша мазмұнды етіп, бүгінгі ұрпаққа отты жырларымен қалдырды... Қазір менің ақын әкеме, оның сыршыл әрі шыншыл жырларына елдің көрсетіп жатқан құрметін өзі көре алмады?!. Алайда ол түбінде еңбегінің осылай бағаланатынын сезіп, біліп, анық болжап кеткенін артында қалған өлеңдері мен күнделік жазбаларынан байқауға болады.

Ұлы адамдарға тән нәрсе – олар өмірден өтіп кетсе де, кейде артынан ерген түрлі қаңқу сөздер де аз болмайды екен. Олардың бір ұшы бәрімізге тән пендешілікте жатыр ма деп те ойлаймын. Көзі тірісінде оның кейбір әріптестері жазған өлеңдеріне қарап, «...мен неге сондай бола алмадым?.. Мен неге бұлай жаз-бадым», – деп қызғанған да шығар... Пендешілікпен сынықтан сылтау іздеп, оны кемсіткілері келді ме екен?.. Тірі кезінде әкем соларға бола басын қатырмайтын. Түбі өлеңдерінің құдіреті өзін қазіргідей биікке алып шығатынына имандай сенетін. Соны өзі ашық айтып отыратын. Оны әзіргі көзі тірі әріптестері де, отбасы да, соның ішінде естияр шағымда өзім де талай естідім. Казір ойлап қарасам, бұл – шыншыл, айқын бағытынан адастырмаған өзінің ақын ретіндегі қуаты, АЛЛА сыйлаған дара дарыны екен.

Бәз біреулер тонын айналдырып, әдейі айтып жүргеніндей, «ішімдік мәселесі» де оның поэзиясының құнын түсірген жоқ. Осы жағынан талай күйреген ақынсымақтар болды. Ал Мақатаев поэзиясы дәуір мінберіне әлдеқашан көтерілгенін, бүгінгі және келер ұрпаққа оның берер үлгі-өнегесі мен күш-қуаты, тигізетін әсері ерекше екеніне қалың қазақтың көзі әлдеқашан жетті деп ойлаймын. Мен төл перзенті ретінде осыған қуанамын!

Қазір ақпарат құралдарында көптеген күрделі мәселелер көтеріліп жатыр. Олардың ең өзектісі – тіл мәселесі. Менің көкейімде осы тіл мәселесі төңірегінде әкем ештеңе жазбаған ба, ол кезде де бұл мәселе зиялы қауымды мазалады ғой деген сұрақ жүретін. Құдайдың құдіреті, менің бұл сұрағыма Кеңсайдағы әкемнің зиратына жазылған өз өлеңі жауап берді:

«Әрине суық қайғы, суық қайғы,
Көңілін халқың саған суытпайды.
Егер де халық өзін ұмытпаса,
Бақыл бол, халқың сені ұмытпайды?!.».

Өзінің болашақ күндерін болжаған ақынның ұрпағына, еліне арнаған аманат ретіндегі өзек жарды өлеңі бұл. Осы өлеңнің үшінші жолына назар аударыңызшы; «Егер де халық өзін ұмытпаса...». Барлық нағыз шындық осы үшінші жолда тұр. Демек тек діні, тілі, ділі сау халық қана өзін жоғалтпай, ақынын қастерлейтінін меңзеп тұр.

Әкем қайтыс болардың алдында, яғни 1976 жылы мен сол кездегі Гурьев қаласында /қазіргі Атырау/ заң саласының жас қызметкері едім. Шешем – Лашынның шұғыл шақыртуымен Алматыға келдім. Келсем, әкем үйде жоқ екен. Шешем маған оның ауруханада ауыр халде жатқанын айтты.

Төле би көшесі мен Сейфуллин көшелерінің қиылысының маңында орналасқан ауруханалар қалашығына келдік. Сол күні дәрігерлер әкемнің қатты әлсірегенін айтып,



ауруханадан шығарып берді. Шамасы, оны емдеп жазу мүмкін емес деген қорытындыға келген болулары керек. Сыртқа шыққаннан кейін әкем біршама уақыт даладағы орындықта сырқаты жанына батқан күйі үн-түнсіз отырды. Өңінде қатты күйзеліс бар. Мен сонда әкемнің қатты жүдеп, еті қашып кеткенін көрдім... Бұрынғы батыр тұлғалы, еңгезердей ірі адамнан шөкімдей ғана дене қалыпты. Біз

оны таксимен Панфилов көшесі мен Шевченко көшесіндегі үйімізге алып келдік. Өмірден озарынан бір күн бұрын ол үйде қатты қиналыста жатты. Сол түні ауру асқынғаннан кейін тағы да «жедел жәрдем» шақыртып, өзі жатқан ауруханаға қайтадан жеткіздік. Оның менімен анық сөйлесуге шамасы да болмады. Сондықтан мәңгілік сапарға аттанарда әкем маған мынандай сөздер айтып еді дей алмаймын... Шешем екеуміз ауруханаға қайтадан бардық. Жансақтау бөлмесіне барғанда, екі адам жатқанын көрдім. Оң жақтағы кереуетте әкем жатыр... Сол жақта жасы отыздар шамасындағы орыс жігіті... Әкемнің хал-жағдайы өте ауыр... Оның есі кіресілі-шығасылы болатын. Шешеме бір сөздерді күбірлеп айтқан секілді еді... Сансырап жүріп ол жағына мән бермеппін. Әкемді жансақтау бөлмесінен зембілге салып басқа жаққа алып кетті. Сол кезде есіл жүрек мәңгілікке тоқтағанын соңынан білдік!.. Біраздан соң дәрігерлер бізге әкемнің қайтыс болғанын хабарлады. Бұл 1976 жылдың 27-наурызы болатын. Шешем екеуміз үйге жылап қайттық. Сонда менің есіме түскені Майгүл жол апатынан осы Алматыда қайтыс болғанда, шешем мен әкем бірін-бірі демеп, түнде «7-линия» көшесіндегі біз тұратын үйге аңырап жылап келген болатын. Ол кезде олар жап-жас еді. Сол көрініс менің есімде мәңгі жатталып қалыпты. Сондай қайғылы сәтті енді шешем екеуміз басымыздан кештік.

Әкемнің қайтыс болған 1976 жылдың қайғылы күні әлі есімде. Табиғат-ананың сол күнгі көрсеткен тосын мінезі өз ақынымен қоштасқан қарақұрым халықтың көңіл-күйіне сай болатын. Сонда Алматыда басталған ұзақ-сонар себелеген ақ жауын әкемді соңғы сапарға аттандырған халық көшін Кеңсай зиратына шейін шығарып салды. Құдды табиғаттың өзі қимас ұлын көз жасы сорғалап соңғы сапарға шығарып салғандай көрінді. Әлі есімде, табыт салынған автокөлікте әкемнің бала күнгі жолдастары – Құрманов Мәжит, Ахметов Сыдық, Асанов Әбдіке түрегеп тұрды. Әкемнің сөзімен айтқанда «әкелері майданда өліп, жесір шешелерінің күлшелерін дорбаларына салып, Алматыға жылылық іздеп келген төрт жетім». Әзір төртеуі де марқұм. Олар өз «қолбасшысы» Мұқашын ақырғы сапарға осылай аттандырды. Қазіргі кезде сол көз алдымнан өткен сәттерді ойласам, бейіт басында әкеммен қоштасуға балалық шақтары соғыста өлген қазақтың мыңдаған жасөспірімдері келген сияқты көрінеді маған. Оларды әкем ешқашан ұмытқан жоқ, өз өнерінде оларға айырықша маңыз берді, сол жетімдердің үнін халқына жеткізді. Әкемді жерлеп, аза көңілмен қайтып келе жатқан шақта Кеңшілік аға (Мырзабеков) маған «Жұлдыз, сен көп жасыма, көзінің тірісінде мынау жалған дүниеге симай кеткен әкеңді анау жатқан шаршыдай ғана көр жасырады дегенге мен ешқашан сенбеймін» деген басу сөзін қалай ғана ұмытарсың. Бұл сөз – сол кезде халық қандай асылынан айырылғанын жан-дүниесімен сезінген ақын інісінің ақын ағасына деген ыстық ілтипаты деп білемін.

Бейіт басы. Дүйім халық. Қоштасу.
Жастық жігер ашылмайды, тұр жасып.
Әкем қайда, айтыңдаршы жарандар
Кеше ғана жүр еді ғой жер басып.

Бұл жалғанға симай кеткен адамға,
Төрт-ақ құлаш жер пұшпағы бұйырды.
Жан әкені қара жерге қия алмай,
Ащы зарым сыздатады бүйірді.

Есте сонда Кең-ағамның айтқаны
(Сезді ме екен өзінің де қайтарын):

Сен бауырым, ңұры босқа босама,
Ажал шіркін артты бағып тоса ма?
Бәрі өткінші мына фәни жалғанда,
Көп жыл тұрып, түбі сынар босаға.

Бәрі өткінші, інішегім, өтеміз,
Өту үшін бұл өмірге келгеміз.
Бір нәрсені бірақ естен шығарма:
Мұқаң – мәңгі, біздер әлі пендеміз.

Қара жерге кеткен жоқ сенің әкең,
Мұқаңдардың сипаты, тұрқы бөтен.
Жыр перісі бағынған ұлы ақынға,
Бола алмайды ешқашан табыт – мекен.

Кең-ағам осылай бір айтып еді,
Шындық сөздер жүрекке дәл тиеді
Қас-қағымда берді ақын өз бағасын,
Ақиқатқа айналған сөз киелі.

Қазіргі әкемнің көзін көрмеген оқырмандар, әсіресе, жастар жағы «Мақатаев түр-тұрпаты, жүріс-тұрысы жағынан қандай адам болды екен», – деп көздеріне елестеткісі келеді. Мен оларға түрі жағынан әкеме ең жақын тұрған нұсқа ол – Кеңсайдағы зираты басындағы мүсіні дер едім. Ал дене-тұрпаты, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері жағынан оған жақын тұрған американ киноактеры Стивен Сигал. Бірақ бұл актердің көзқарасында бір қатыгездік бар. Ал менің әкемнің көздері мейірімге толы болатын. Мұны мен ауызша және бейнеше адамды кескіндеу жұмысымен кезінде көп айналысқан бұрынғы маман-тергеуші ретінде айтып отырмын.

Әкемнің өлеңдерін оқып отырып,

оның поэзиясының болмыс-бітімі, мазмұны, басқалардан даралығы мен мұндалап, анық аңғарылып тұрады. Соны жан-жақты жүйелеу, зерттеу жағы әлі де кемшіндеу ме деп ойлаймын. Жалпы, Мұқағалитану ілімі қолға алына бастады. Алайда ол туралы, оның шығармашылығы жайлы бүгінгі және келешек ұрпаққа айтар әңгімелер әлі аз емес.

Қазынам бар,
Қисапсыз шектеледі.
Қызғанады, біреулер жек көреді.
Бермеймін де, сатпаймын,
көрсетпеймін!
Алам десең,
Алдымен зертте мені... –
деп айтып кеткеніндей, түбінде:

«Ал, Мұқа, міне мен де келдім! Ашыңыз қазынаңызды, не бар екен көрейік!», – деген отты, жас мұқағалитанушылардың да туарына мен кәміл сенемін.

...Сол Қарасаздағы там үйдегі әкем жинаған, бір шеті кезінде Алматыға да жеткен кітаптардың көбі орысша болатын. Оған орыс поэзиясының ықпалы зор болды. Ал кемеліне келген Мақатаев поэзиясын сол орыс халқына да кеңінен таныту, яғни ақын шығармаларын өзге тілдерге аудару арқылы насихаттау да қазір пісіп, толғағы жеткен мәселе болып отыр.

Бүгінгі таңда әке менікі деп мен оны жеке-дара еншілей алмаймын. Мұқағали – өзі өмір-бақи сүйіп өткен Қазақ деген халықтың ұлы. Бірақ сонда да, бүгінде әке жасынан асып кетсем де, оның балам деген аяулы сөзін, басымды сипаған ыстық алақанын сағынамын!.. Сондай сағыныштан туған өлең жолдары, әке Рухына арналып еді:

Тұршы әке – асқар тауым,
Көп болды ғой жатқаның.
Барайықшы туған жерге,
Тамған жерге жас қаның.
Барайықшы Құлжа жолмен,
Көк мұнартқан тауларға.
Қарасазын сағынбаған,
Сендей сірә жан бар ма?
Айғайтасқа қапталдатып,
Жәй, асықпай шығайық.
Сол жартастан төңірекке,
Барлай қарап тұрайық.
Сол бір сәтте от-жырларды,
Түйдек-түйдек шығаршы!
Жырларыңмен сусындаған
Туған халқың қуансын.
Ал мен сенің жырларыңды,
Сай-саладан терейін.
Жыр-маржанды әрбір жанға,
Тұмар етіп берейін.
Тұршы, әке, неге үнсізсің,
Аттанайық бұл жерден.
Дариға жеңген қол бұлғайды,
Сол бір таныс белдерден...

Әкемнің ұлы РУХЫН биіктетіп, ақын ретіндегі тұлғасын көкке көтерген оқырмандарға, оған ниетттес әріптестері мен Ақынның мұрасын зерделеп, зерттей бастаған ізбасар қаламгерлерге және барша қазақстандықтарға Мақатаевтар әулеті атынан зор алғысымды білдіремін!



БҮТІНГІ ӘҢГІМЕ

МҰҚАҒАЛИ мұрасы ТҮРІК елінде



Бақытгүл АЙДАРОВА,
ақынның келіні,
Мұқағали Мақатаев
атындағы халықаралық
қордың президенті

Еліміздің президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Мұқағали поэзиясы – күллі қазақтың болмыс-бітімі. Оның сырлы сезімге толы жырлары қалың оқырманның жүрегінен орын алды. Ақын мерейтойы тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл әр қазақтың шаңырағындағы мерейлі той», - деп, құттықтап еді.

Алаштың ұлы ақыны атамыздың 90-жылдық мерейтойы халықаралық деңгейге көтерілді. Осыдан үш ай бұрын ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының басшысы Дүйсен Қасейінов мырза маған телефон соқты: «Өздеріңіз білесіздер, Мұқағали даңқы биіктеп барады. Нағыз дарынның жолы осындай болмақ. Бұл қазақ үшін үлкен мәртебе. Ақын күллі түрік халықтарының ортақ мақтанышына айналды. Соны ескеріп шығармаларын алты тілге аударуды жоспарладық. Мақатаев мұрагерлері ретінде бұған қалай қарайсыздар?» – деді. Біз бұл ұсынысқа қуана-қуана келісімімді беріп, аталған ұйыммен, ақын атындағы халықаралық қордың атынан келісім-шартқа отырдық.

Маусымның бірінде ТҮРКСОЙ-дың бас хатшысы Д.Қорабайұлы атамыздың түркі елдерінің тілдеріне аударылған «Соңғы тырналар қайтқанда» атты кітабының шыққанын айтып сүйінші сұрап, Түркияда 19 маусымда кітаптың тұсау кесер шарасы болатынын хабарлады.

Сөйтіп, жетісулықтардан жасақталған шағын топ Түркияға аттандық. Бұл құрамға ақынның ұлы Жұлдыз, мәдениет және спорт

министрлігінің кеңесшісі Жұрынбаев Ерлан Сыдықұлы, Алматы облыстық мәдениет басқармасының бастығы Көлбаев Марлен, ақын Жұматай Оспанұлы, дәстүрлі әнші Бейбіт Мұсаев, «Жетісу» арнасының операторы Мәди және мен кірдім.

Сонымен алып лайнер бізді Түрік еліне алып ұшты. Бұрын атамыз болмаған бауырлас ел, енді ақын ұрпақтарын күтіп тұр. Қазір дүниенің бәрі күрт өзгерді, «темір перде» заманы өткен күндердің еншісінде қалды, еліміздің егемендік алуына байланысты, шетелдермен қарым-қатынас жақсарды.

Атамыз шетелдерге шығуды армандап өтті. Бірақ, ол кезде біздің кеңестік қоғам социализмге жатпайтын елдерге жабық еді. Дантені Орта Азияда бірінші болып аударса да, ол Италияға бара алмады. Оны айтасыз, атамыз әйгілі американ ақыны Уолт Уитменді аударды, ал оның елі АҚШ-қа бару, атамыз үшін тек арман болып қала берді. Оның «шетелде болу» эпопеясы тек іргедегі Мәскеуге барумен шектелді.

Ақынға қатысты шараларды өткізу, жетісулықтар үшін үлкен мәртебе. Өйткені, жыр тарланы осы өлкенің түлегі. Сондықтан, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов ақынның мерейтойына арналған көптеген жұмыстарды жүйелі ұйымдастырды: Талдықорғандағы жастар паркіне Мұқағалидың бюсті орнатылды, Американдан шыққан кітабына демеушілік көрсетті, Райымбек ауданының орталығы Нарынқол ауылында ақынның үлкен ескерткіші орнатылады. Оның көркем де бейнелі болып жасалуын әкім өз бақылауына алған.

Бізді Стамбул әуежайында халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының қызметкері Бақытжан күтіп алды. Қаланың кеңдігі мен келбетіне сүйсіне қарайсың. Барлық тұсынан ер түріктің асқақ рухы есіп тұрғандай. Заманауи қонақүйге жайғасып, туған бауырдың шаңырағына келгендей арқа-жарқа болдық. Жақсы демалып, сергіп ояндық.

Сонымен, мәдени шарамыз басталды. Жетісулық жеті адам тарихы терең Кастамону қаласына жол тарттық. Шahap 2018 жылы Түркі дүниесінің астанасы болып жарияланған екен. Қара теңіз жағалауынан 780 метр биіктікте орналасқан қала мәдениеті бай, елді мекендердің бірі болып саналады. Көліктен жан-жағымызға қарап, тамашалап келеміз, екі жақ әсем табиғатымен көз тартады. Жасыл кілемжамылғанмайдақырқалартұтасыпбарып, тау сілемдеріне ұласады. Мұндағы тазалық пен ұқыптылыққа сүйсінесің. Адамдардың қоршаған ортаны соншалық аялайтыны, нағыз үлгі алатын көрініс. Сондықтан шығар Кастамону аймағы да туристерден арылмайды екен. Қызмет түрлері жетілген, бәрі халықаралық стандарттарға сай.

Қазақстаннан келген топты Кастамону аймағының губернаторы Авни Чакыр мен Кастамону қаласының мэрі Рахим Галип Видинлиоғлу мырзалар құрметпен қарсы алды.

«Мұқағали Мақатаев және оның шығармалары» атты конференцияда түбі бір түрік халқының қазақ өнеріне деген ыстық ықыласының куәсі болдық. Салтанатты рәсімде ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, қазақ елі атынан жүрекжарды лебізін білдірді. Түркиядағы ҚР елшісі Абзал Сапарбекұлы мен мәдениет және спорт министрлігінің кеңесшісі Ерлан Сыдықұлы сөз сөйлеп, қазақ поэзиясында Мұқағали шығармашылығы ұлтымыздың рухани байлығы екенін атап өтті.

Кастамону аймағының губернаторы Авни Чакыр мырза ТҮРКСОЙ Ұйымының атқарып жатқан істеріне риза екенін білдірді. Мұқағали секілді ғажайып ақынның шығармаларымен танысқанына қуанды. 1991 жылы іссапармен Алматыға келіп Қазақстанда жарты жылға жуық жұмыс істегенін тілге тиек етті. Ақын ұрпақтарымен дидарласу айтулы оқиғаның бірі екеніне тоқталды. Мұндай бауырмалдыққа толы жүрекжарды лебізге толқымау мүмкін емес еді.

Жұлдыздың есіне де көп нәрселер қайтадан оралды: «Әкем кеңестік қоғамда өмір сүрсе де, көптеген ақиқаттың аражігін дәл ажырататын. Бәрі терең түйсігі мен мол білімінің арқасы ғой. Сондықтан түрік елі жайлы әңгімелерді кішкентайымыздан құлағымызға құйып өстік. Бір күні әкем қайдан тапқаны белгісіз әрі келбетті, әрі сұсты үлкен адамның суретін әкелді. «Бұл – Түркия елін жаңа белеске көтерген мемлекет қайраткері Мұстафа Кемал Ататүрік!» деді. Сол сөздер жадымызда жаңғырып тұрды», – дегенде бәрі орындарынан тұрып қол соқты. Бұл түрік халқының өз көсемі Ататүркті, қаншалықты құрмет тұтатындығын көрсетті.

М.Мақатаев атындағы халықаралық қоғамдық қордың атынан Кастамону провинциясының губернаторы Авни Чакыр, қала мэры Рахми Галип және ақын шығармаларын түркі тілдеріне аударған Қырғызстанның белгілі ақыны Қожогелді Күлтегі мен түрік ақыны Кенан Чарбоғаны Мұқағали атындағы арнайы медальдармен марапаттадық.

Алматы облысы мәдениет басқармасының жетекшісі Марлен Көлбаев Кастамону губернаторы мен қала әкіміне Жетісу басшысының ыстық сәлемін жеткізіп, қазақ елі атынан иықтарына шапан жапты. «Жетісу

жауһарлары» альбомын ұсынды. Әнші Бейбіт Мұсаевтың өнеріне жиналғандар ерекше тәнті болды. Түріктің биші қыздары да талшыбықтай бұралған әсем қимылдарымен көрерменге қол соқтырды.

Осы кездесуден кейін, қаладағы музейлерді араладық. Музейлерден түрік өнерінің қандай болғанын, қаншалықты дамығанына көз жеткіздік.

ТҮРКСОЙ ұйымын - халықаралық мәдени қары-қатынастардың алтын көпірі десек артық болмайды. Абайды, Олжас Сүлейменовты Түрік жұртымен қауыштырды. Атамыздың кітабы соның заңды жалғасына айналған. Бұл жердегі өзгешелік мынада: «Соңғы тырналар қайтқанда» кітабындағы өлеңдер, алты тілде – түрік, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түркімен, башқұртша сөйлейді. Түркі жұртына Мұқағалидың ешкімге ұқсамайтын ерекше поэзиясының танылу аясы кеңейе түсті.

Бір топ зиялы қауым өкілдері «Соңғы тырналар қайтқанда» кітабының тұсауын кесті. Халықаралық деңгейде жарық көрген жаңа жинақ, осылайша өз оқырмандарына жол тартты. Атамыз «Барлық ақын, баласы бір ананың» деп тауып айтқан екен ғой. Енді қазақ ақынының асыл жырлары, бауырлас елдердің ажырамас сырласына айналары сөзсіз.

Бұдан кейін, губернатор қонақтарды өз құзіретінде қабылдады. Мен Кастамону басшыларын, түрік елінде қыметте жүрген азаматтарды, халықаралық Қордың жұмыстарымен дәйекті түрде таныстырып өттім. Маған губернатор, зор ілтипатпен гүл шоқтарын сыйлап, қорға шығармашылық табыс тіледі. Кастамонуда шығатын өнімдердің үлгісін көрсететін қораптарды сыйлады. Ешкімді ешкім жатырқаған жоқ. Жарасымды әзіл-қалжыңдар айтылған сайын арамыз одан әрі жақындаса түсті. Түбі бір түркіден шыққанымыз соншалықты білініп тұрды. Аудармашы болған Шехназ сіңліме де айтар алғысым мол.

Жергілікті басшылар түрік елінің тамаша табиғатын көрсетуге де уақыт тапты:

Хорма шатқалындағы жартастарды жалғаған аспалы көпірмен жүрдік. Чатақ шатқалындағы әйнек көпірдің қызығы одан да зор екен. Құзар шыңнан төмен қарау үшін жүрек керек. Өте тереңде жатқан жыланның жыбырлағанына дейін назарыңа шалынады. Соншалық биіктікте орналасқан көпір де, жол да бәрі туристерге қауіпсіз етіп жасалынған. Алайда тауда туып, тауда өскен, біздер үшін бұл биіктіктер таңсық емес еді!

Мазмұнды шараның түйіні ретінде Анкарадағы халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының ғимаратында болған кешті айтар едім. Ұйымның құрылғаны биыл 28 жыл толыпты. Бұл ретте, ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қорабайұлы Қасейінов мырзаның еңбегін ерекше атап өту керек. Ол 12 жыл бойы бас хатшы болып осы ұйымда еңбек етіп келеді. Осы уақыт ішінде оның түркі елдерінің ынтымақтастығын нығайтуға жұмсаған еңбектері, тындырған істері орасан зор! Ол түркі елдерінің басының бірігуіне түрткі болған және сол елдердің өнер майталмандарын күллі түркі жұртына таныту аясында үлкен еңбек сіңірген қайраткер. Біз түрік топырағына аяқ басқан уақыттан бастап, Дүйсен Қорабайұлы бізден бір елі ажырамай, жанымыздаболды: елдің бай да күрделі тарихымен, ерекше көрікті жерлерімен, халықтың бай ауыз және жазба әдебиетімен таныстырды. Дүйсен ағаның білімділігіне, ұлтжандылығына, кішпейілділігіне тәнті болдық!

Бас хатшының көмекшісі Якуб Омароғлы қазақ тілінде өте жатық сөйлейтін азамат екен. Кезінде, Түркістандағы қазақ-түрік университетінде дәріс берген. Сол жерде қазақ поэзиясына біршама қанықкан. Мұқағали шығармашылығын жанына жақын тартып, өлеңдерін де жатқа айтады екен.

Ал, қырғыз тіліне аударған Қожогелди Күлтегін Мәскеудегі екі жылдық әдебиет институтында оқып, Мұқағали ағасының ізін басқанын, мақтанышпен еске алды. Өзінің де кейбір адуынды мінездері, ақындық арынын әйгілеп тұрғандай. Анкарадағы мазмұнды бас қосу Мұқағали мұрасына деген түркі тілдес бауырлардың ілтипатын, бұрынғыдан да биіктете түсті.

Анкарадағы бас қосудан кейін Дүйсен Қорабайұлы Қасейінов мырза бізді ТҮРКСОЙ ұйымындағы өз құзыретінде қабылдады. М.Мақатаев атындағы халықаралық қоғамдық қордың 15 жылдық мерейтойымен құттықтап, Абайдың 175 жылдық мерейтойына ТҮРКСОЙ ұйымынан арнайы шығарылған альбом кітабын және гүл шоқтарын сыйға тартты. Қордың және әулеттің атынан ұйымға және Дүйсен мырзаға зор ризашылығымызды білдіре отырып, иығына шапан жаптық. Өзімізбен бірге алып барған «Мұқағали» журналдарын сыйға тарттық. Дүйсен мырза ризашылығын білдіріп, ақын атындағы журналдың ТҮРКСОЙ кітапханасының төрінен орын алатынын айтты.

Қабдеш Жұмаділов атамыздың ақынның 70 жылдығында «Елі азат болып еді, Мұқағали да азат болды» деп айтқаны бар. Бәрі еліміздің Тәуелсіздігінің арқасы. Уақыт мойындаған хас талант XXI ғасырда өзінің әділ бағасын алды. Бұны Түркия сапары тағы бір дәлелдеді. Ақынның жыр керуені енді әлемді шарлайды.

Мекен-жайым – жер менің,

Жерде жүрген ақын деген пендемін.
Қағаз, қалам, уақыт бер аздаған,

Мен өмірді жырлау үшін келгемін, – деген шумақты ақын атамыздың зор сеніммен айтқанын ұқтым. Сол армандары жүзеге асып жатыр. Осы жылдың қаңтар айынан басталып, Қазақстанның түкпір-түкпірінде ақынның 90-жылдық мерей тойы өтіп жатыр. Ақын рухын ұлықтау ретінде біршама шаралар жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, Нарынқол ауылында ақын атындағы саябақ ашылады, аудан орталығында ақын ескрткіші бой көтереді. Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен «Мұқағали» атты толық метражды көркем фильм түсірілді, режиссері Болат Қалымбетов, сценариін жазған жазушы Жүсіпбек Қорғасбек. Өкімет тапсырысымен, биыл ақын шығармашылығына арналған 10-томдық кітабын «Қазығұрт» баспасынан шығаруды жоспарлап, баспаға дайындап жатырмын. Бұл атамыздың мерей тойына арналған игі істердің бір бөлшегі ғана.


Ұлыларын ұлықтайтын, қастерлейтін халқы барда, «мен 21-ші ғасырдың құрдасымын, одан кейінгі ғасырлардың туысымын» - деп ақынның өзі айтқанындай, атамыздың құдіретті поэзиясы халқымен бірге ғасырдан ғасырға өмір сүре берері hақ.





БІР ӨЛЕҢ - БІР ӘЛЕМ

СӘБИ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ





Ақын жүрек нені аңсады? Періште көңіл, пәк сезім сәби шағын неге сонша сағынды? Бұл әуелі Аллаға һәм ақынның өзіне ғана аян дүние. Тұрсынғазы Рахимовтың қос ішекті домбыраның әр пернесін дөп басып, әуелете салғанда әуезі жаныңды тербейтін осы бір әнді тыңдаған сайын менің де СӘБИ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ!

Құс та болғым келмейді
қанатым бар,
Қанатым бар күмістен
жаратылаған.
Сәби болғым келеді,
сәби болғым,
Мына өмірден хабарсыз
жаңа туған.

Иә, оның қанаты «қазақтың дәл өзіндей қарапайым» қара өлеңі еді. Сол күміс қанат жыры оны мұзарт шыңның мұзбалағына, Тәңіртаудың ақиығына айналдырып, бүгінге дейін ғана емес, болашақ ғасырлармен де жалғаса беретін ғұмыр сыйлап кетті. Тіршілігінде-ақ өлеңі өлтірмейтініне көзі жетсе де айналасынан сұмдық жаттық сезінген ақын жүрек сәби болғысы келді де тұрды. Әйтпесе, қауырсын қанат жырларын

қанаттандырып, бірнеше кітабының жарыққа шыққанына өзі де куә болды емес пе?! Ендеше неге соншалық алаңсыз сәби әлемге аңсары ауа берді? Сөйтсем, адамдар арасындағы алауыздық, шегіне жеткен пенделік сананды шырмауықша шырмап алғанда – құс болып басқа әлемге ұшып кету қолымыздан келмеген соң, «мына өмірден хабарсыз» һәм алаңсыз сәби шағың есіңе орала береді екен. Мұзбалақ ақынның мұң кешкені де сол қайта оралмас періште шағын сағынғаннан туған сезім іспетті. Қалай десек те, кемеңгер ақын осы бір төрт шумақ өлеңі арқылы бүгінгі күннің де мұңын айтып кетіпті. Пенделіктің дендеп енгені соншалық, мына қоғамда адам біткен хайуаннан бетер жыртқыш, қанішер, қатыгез болып барады. Әлдіні әлсіз жаншыған, аңқауды арамза алдаған, иман тоналған, ар-ұят жоғалған, намыс тапталған, адамдық қасиет саудаға түскен, жемқоры тойымсыз, биі айнымалы... Айта берсек, бүгін тауысып бітпейтін қасиетсіз әрекеттер белең алған кезеңде күн кешіп жатырмыз. Қанша бұлтарсақ та қоғамның дәл осындай бейнесі бар екені ақиқат. Әрине, қайбір елдермен салыстырғанда біздің бұл күніміз «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» замандай көрінуі мүмкін. Солай салыстырғанда көңілге орнап алған күпірімізді шүкірге жеңдіріп, күдігімізді үмітке билетіп-ақ келеміз. Бірақ, шегінен асқан жағымпаздық-жылпостық, алауыздық-арсыздық, қатыгездік-жауыздық, парақорлық пен жемқорлық сияқты жиіркенішті көріністер көз алдыңда өтіп жатқанда шынымен де «Бұл өмірден хабарсыз жаңа туған – сәби болғың келеді».

От та болғым келмейді жылуым бар,
Жылуым бар керексе жылыныңдар.
Сәби болғым келеді, сәби болғым,
Күн сәулесі ойнаған тұлымында.
Отыратын анасы құлынымдап.

Расында ақынның тұла бойында айналасына шуақ сыйлайтын бір от бар еді. Ол тоңған жанды жібітіп, мұздаған жүректі жылытатын жанартаудай жарылған отты өлеңінің қызуы еді. «Қасымның басқалардан десі басым», деп Мұқаңның өзі жырлағандай алдаспан ақын Қасымның: «Өлеңімнің отымен жылытамын, өзімді, әйелімді, жас баламды», – дегенінен де, өлеңнің қуатты қызуы бар екенін айтпай-ақ түсіне қоясың.

Өз бойында өзгені жылытар жылуы бола тұра қайран ақын сәби шағын, тұлымында күн сәулесі ойнаған бейғам кезін ұмыта алмайды. Өйткені, айналасындағы жандардың бақай есеппен арқасынан қаққан қамқорлығынан гөрі құлыным деп еркелеткен анасына ентелей келіп, еніп кететін ыстық құшағы әлдеқайда ыстық еді. Ақын жүректің аңсары да сол болса керек. Айналып келгенде ана мейірімін сағынған ақынның бұл әрекетін тағы да сол пешенімізге жазылған пенделіктің салқынынан көреміз де.

Мына қоғам да ше? Адамдар неге бір-біріне деген сондай ызғарлы? Бір қарағанда әп-әдемі қатынас бар. Бірақ, жаныңның жылу сезіне қоюы екіталай. Кеудесінде жүрегі, жанарында нұры бар дейтін жандардың суық сұлбасынан, ақын туған ақпанның ақтүтек бораны әлдеқайда жылы, әлдеқайда шуақты көрінеді. Осындай ойлар шырмауықша шырмап алып, атасы бөлек адамдар былай тұрсын, ағайынның арасындағы суық көзқарас пен салқын қатынастан шошынғанда тұлымында күн сәулесі ойнаған сәби болғың-ақ келеді. Амал қанша?!

Қанаттанып өмірге ұшарымда,
Кесілмесе бәрібір тұсауым да.
Сәби болғым келеді, сәби болғым,
Сәбиі жоқ ананың құшағында.


Қайран ақын! Шынымен де дәл мына заманда өмір сүрсе сәби болғысы келмей де қалар еді-ау. Құшағында сәбиі жоқ ана былай тұрсын, құрсағына сыйған перзентінен бас тартып, бас тартып деймін-ау, тірідей далаға лақтырып, әжетханаға тастап, қақаған аязда қорапқа салып, қатырып кеткен қатыгез көкек аналар көбейген уақытты көрмей кеткен ақын шынымен неткен бақытты. Өмірге қанаттанып ұшар сәтте тұсауы былай тұрсын, кіндігі кесілмей, бір күндік сәуледей өте шығар мынау жарық дүниені көрмей, ана құшағына енбей жатып қаншама шарана далада қалуда! Бірақ, сол жұпарынан жұмақтың иісі аңқыған сәбиге зар аналар да аз емес. Жатырында алаңсыз жатқан сәбиін өз қолымен құрбан жасау қанішер ананың қатыгез әрекеті. Әйтпесе, елміз ғой – есірген еркектің ермегіне айналып немесе махаббат деп есі кетіп, ессіз сезімнен таяқ жеген нәзік жанды қаракөзіміздің жағдайын түсініп, қолтығына сүйеніш, көңіліне медеу болсақ, адамдық арымызға дәл бүгінгідей қара күйе жағылмас еді-ау деген де ой келеді жұмыр басыма. Қатыгездік пен қасиетсіз амалдар жайлаған дәуірдің айқын көрінісінің жемісі осы болып тұр. Олай болмағанда жарық дүние есігін ашқан кез келген шарананың өмірге қанаттанып ұшып, тұсауы да кесілген сәби болғысы келмейді дейсіз бе? Туа сала тілі шықпаған, мынау жарық әлемнің сырын ұқпаған шарананың жүрегін тыңдай білсек қой, шіркін!

Тар бесігі кең жаһан тарылмаған,
Біреуге бар, біреуге табылмаған.
Сәби болғым келеді-ау, сәби болғым,
Ана сүті аузынан арылмаған.

Тағы да сол мұңлы әуен. Анасының тар құрсағын кеңіткен сәбидің тар бесікке

таңылмай-ақ, кең жаһанға сыймай кетіп жатқаны санамнан шықпай қойды. Жаңарған заман, өзгерген дәуір. Атасы құба талдан иіп беріп, апасы майлап, көрпе-жөргегін сайлап әкелетін бесіктің кей есіктен ішке енбегелі қашан?! Баланы бесікке бөлеу көненің әрекетіне айналып, жаңа ғасырдың жаңалығы жатырқай қарайтын болды. Ұлан-ғайыр мынау даланы найзаның ұшы, білектің күшімен қорғаған бахадүр бабаларымыз жатып еді сол бесікте. Ел басқарған көсем, сөз бастаған шешен, ынтымақ пен бірлікті жырлаған ақын, әуелете салған әні жан дүниеңді тербеткен әнші бабаларымыз бөленіп еді сол бесікке. Тіпті, осынау кең дүниеден жаны таршылық кен кер заман-ай! Сеннен жерігенде шыныменде әлди әлемімді сағынып кетемін. Сәбиі жоқ ананың құшағына еніп, әппақ сүтін еміп, уызына жарыған ұрпақ болып қайта оралғым келеді, мына ұлынан ұят, қызынан қылық кеткен қоғамға. Мұның бәрі орындалмас арман екенін білемін. Біле тұра СӘБИ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ!..

Жұматай ОСПАНҰЛЫ,
ҚР Мәдениет қайраткері,
Алматы облыстық «Жетісу» газеті
бас редакторының орынбасары



көргенде сәби болғысы келген Мұқағали ақын да сол бесікте тербетіліп, ер жетіп еді. Адам баласы үшін ең тәттісі ананың сүті еді. Сол мейірленген ананың қос мамасынан аққан ақ уыз сүт таңдайына тамбай өксікке толы өмір өтіп жатыр. Жұмақтың жұпары аңқыған ананың сүті мен сәбидің иісінің қадірі кет-

ОЙТҰМАР

Әке аманаты

немесе Мұқағали поэзиясындағы әке бейнесі



Әке, сенің өміріңді жалғамасам,
Құрып кетсін жер басып, ұл болғаным!
(Мұқағали)

Қазақ поэзиясы – тынысы кең, тақырыбы таусылмайтын сырға толы әлем. Сыршылдығымен қазақ поэзиясын бағындырған мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың лирикасы образдылығымен, көркемдігімен, тақырыбының кеңдігімен ерекшеленеді. Ақын туындыларының қатарында ерекше көзге түскен әкеге сағыныш, әке қадірі, әке обрызын бейнелейтін өлеңдерінің орны айрықша. Әдебиет тарихынан белгілі болғандай болашақ ақын өзінің алғашқы өлең жолдарын әкесіне арнағанын білеміз.

Әкеміз бір әкеден жалғыз еді,
Судағы жаңа біткен жалбыз еді.
Мінекей, он ай болды хабары жоқ,
Біздағы әкемізге зармыз енді, - деп,

небәрі 10 жасында-ақ, әкеге сағынышын осылай жеткізген екен. Ес біліп, ақыл тоқтатқан

шағында ақын әкесінің бар болмысы мен табиғатын, мінезін, әкенің ұлына деген сезімі мен тапсырған аманаты ақынның көңілін қозғап, ақ параққа жыр боп төгіледі. Соғысқа аттанып бара жатқандағы сәті мен асқар тау әкесінің соңғы сөзі бала ақынның жүрегінде өмірлік сыр боп сақталады. Алыс жолға аттанып бара жатып:

Тыңда, балам, тыңда, күнім
Болуға жара қолқанат!
Кәрі анаң, сәби інің,

Барлығы саған аманат!.. - деп, аймалап тұрып аманат арқалатқан әке бейнесі өміріне сүйеніш болады. Әкесі өз өміріне шегініс жасап, ұлының жасында жетім қалып, санасында сіңіп, сақталған әке сөздерімен«өлмегенін», енді соны өз баласына айтып, өмір шыңына талпынуды тапсырады.

...Сен жас буын, жаңа тал,
Гүлің де өсіп шашырар.
Сарылып оқып, білім ал,

Сөнгенше сәулең асырар, -деп, өмірлік білім алуды, ауыр мұң басқан ана көңілін сергітер ұл болуды аманат еткен әке сөзі жүрегінде сақталады.

Мұқағали ақын өлеңдерінің қатарында «Әке аманаты», «Әке сөзі», «Әке», «Әкеме» атты өлеңдерінде әкеге сағыныш, әкеге сыр, әке жолын жалғаған перзент сөзі мотивтері орын алған. Ақын лирикаларында ұшқан ұя, туған өлке, туған жер туралы асқақ рухты жыр жолдарының жиі кездесуі ақынның әкеге берген берік сертіндей, «Әке, сенің өміріңді жалғамасам, Құрып кетсін жер басып, ұл болғаным!» деп, асқан жауапкершілікті жыр жолдарымен жеткізе біледі.

Біздің үй болатұғын осы арада,
Жататын бұлақ ағып босағада.
Орны да өшейін деп қалыпты ғой,

Өтіпті көп уақыт... деп келетін жыр жолдары ақынның есейген, ертеңіне ойлана қарайтын кемел шағын бейнелейді. Содан болар «Ұям менің» дейтін өлеңіндегі ой «Әке» өлеңінде жалғасын табады:

Әке, сенің жасыңнан асып барам.
Кезі-кезі келгенде тасып та алам,
Кезі-кезі келгенде жасып қалам,

Мына өмірге, бәрібір, ғашық балаң, -деп, өзінің жайынан хабар берсе, келесі жолдардан бір кездегі аманат арқалаған 10 жасар баланың бұл күнде ел мен ердің намысын ұстаған азамат болғанын айғақтайды.

Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.
Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,
Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын.

Лирикалық үн – ақын әлемінен хабар береді. Ақын өлеңдерінің хронологиясына сүйеніп-ақ, поэзиядан сюжет құрап, жаңа оқиғаны тануға болады. Бір кездері әке сөзінен күш алып, жігерленіп жігіт болған ақынның есейіп, өзі де болашағына, артынан ерген ұрпағына алаңдап, әкелік мейірім танытқанын байқаймыз. «Ұлыма» деп жыр арнап, бір кездегі әке аманатын өзі де ұлына аманат етеді.

Сен өмірге басқа жолмен бас қадам,
Әкең жүрген соқпақтардан қаш, балам!
Ұғып ал да, сақ болып өс, айтайын,

Өмір жолын әкең былай бастаған... деп, өз өмірінде әке тәрбиесін көрмей, ана ақылына көнбей, оқушы кезінде ешкімге тізгінді бермей, менмендікпен ешкімге иілмей, қызба мінезімен қателікке ұрынған сәттерін сабақ еткен өмірі жайлы сыр шертеді.

Балам!..
Қызығым-ау, бұзығым-ау,
Отқа түсіп, ойнаған.
Жатсам, тұрсам тағдырыңды
Тағат таппай ойланам, - деп, әкелік сөзін арнайды.

Әкелік аңсары баласына ауып аманат арқалатқан әкенің бір сәттік бейнесі ақынның бүкіл ғұмырына сабақ болды. Өзі де әке атанып, әке жолымен ұлына жол сілтеді. Атадан балаға мирас болған ата жолы, ата дәстүрі ақын өлеңдерінің бойында күні бүгінге дейін өмір сүріп келеді. 45 жыл ғұмыр кешкен Мұқағали ақынның бақиға кеткеніне де 45 жыл өтсе де Мұқағали өлеңдерінің құдіреті күн өткен сайын биіктеп барады.

Роза ЕСБАЛАЕВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркология ғылыми-зерттеу
институтының ғылыми қызметкері



Мұқағалидың қомызы

Жұматай ОСПАНҰЛЫ

Қарасаз ауылындағы ақын мұражайына құнды жәдігер тапсырылды. Ол - Мұқағали ағамның қомызы! Дұрыс оқып отырсыз. Қазақтың қобызы емес, айырқалпақты қырғыз ағайынның қомызы. Иә, орынды күдік! Санаңызға сынадай қағыла қалған "Қайдағы Мұқағалидың қомызы! Қобызы болса бір сәрі", - деген күмәнді сауалыңызға жауап берейін.

Ақын тойына түрік, қырғыз ағайындар және Мұқағали ағам жырлаған "Атырау-Алтай" арасынан, қазақтың байтақ даласынан қаламгерлер келді. Солардың ішінде қарт Каспийдің жағасынан, Ақтау қаласынан келген Светқали Нұржан ағамыз үлкен аманат тапсырды. Мұқағали ақынның қомызын Светқали Нұржанға аманаттаған абайтанушы ғалым, абыз ақсақалымыз Мекемтас Мырзахмет екен. Қарасазға бара жатқан Светқали ақынға: "Мына қомызды Мұқағали өмірден өткеннен кейін бір кісі әкеліп беріп еді. (қомызды көруге ынтыққан жұрттың дабыр-дұбырынан кім екенін анық ести алмай қалдым). Мұражайына әне тапсырам, міне тапсырам деп жүріп тоқсан бірге келдім. Тоқсан жылдық тойына тарту сый болсын. Осы аманатымды ақынның еліне жеткіз деп маған тапсырды", - деген Светқали ақын Мұқағалидың қомызын музейге берді. Сөйтіп ақиық ақынның тоқсан жылдық мерейтойына өте құнды жәдігер тапсырылды.

Мекемтас ақсақалдың жалған сөйлемейтіні белгілі. Тоқсаннан асқанда жоқ жерден жаңалық ашып, ат мініп, шапан киюді де көксемейтіні ақиқат. Ендеше бұл ақын тойына арналған тосын сый. Еш күмәнсіз қабылдаймыз һәм абыз ақсақал Мекемтас қарияға ғасыр тойдың төріне шығуын тілейміз!

ТАНЫСТЫРУ

Орақтілді ақын шыққан, батыр шыққан айбатты,
Қарасаз бен Шалкөде деп аталатын аймақты.
Ғұмыры өткен ат үстінде көшпенділер ұрпағы,
Менің ата-бабаларым қыс қыстау, жаз жайлапты.

Қарасаз деп аталатын Елшенбүйрек етегі,
Әлімсақтан ақындар мен батырлардың мекені.
Жолы түсіп бара қалған адам болса егер де,
Топырағын сүйіп оның, тағзым жасап өтеді.

Ажыраса бір-бірінен қалатындай адасып,
Қарасулар іркес-тіркес ағып жатыр таласып.
Көктем шықса сирен иісі жұпар шашып далаға,
Үйрек ұшып, қазы қонып, жатушы еді жарасып.

Өз көзіңмен көргің келсе мұндай жерді, бауырлар,
Құшақ жайып қарсы алатын ағайын бар, барыңдар.
Елшенбүйрек етегінде, Қарасудың бойында,
Қарасаз деп аталатын қарапайым ауыл бар.

Мұқағали туып-өскен ауыл осы болады,
Қонақ болып бара қалсаң сенің орның жоғары.
Мұқағали өлеңдерін тыңдап жатып көз іліп,
Мұқағали өлеңімен оянады қонағы.

Бұл ауылға келдім бе деп ойламайсың бекерге,
Шабыттанып сен де оқисың бір өлеңін кетерде.
Жырын оқып қайтасың сен ғашық болып өмірге,
Ғашық болып, Мұқағали туып-өскен мекенге.

ҚАРА ӨЛЕҢ

Қарапайым Қарасазда осы күн,
Қасиетті қара өлеңнің көші жүр.
Қарасуға өлең болып оралды,
Қара жұртын қимай кеткен есіл ұл.

Қарасазға қайта оралған қара өлең,
Сырласып жүр данамен де, баламен.
Сол өлеңге ұйып бір сәт қалғандай,
Ешнәрсеге илікпеген паң әлем.

Ақша бұлттар асқар шыңға ілініп,
Қырқаларда бүрін жарса гүл үміт.
Қасиетті қара өлеңге елітіп,
Қара тас та кететіндей үгіліп.

Аршаларым, шыршаларым, гүлдерім,
Жыр нөсерге шомылып жүр бір керім.
Өрісіне өлең өрген кең өлкем,
Қас-қағымда бөленіпті түрге мың.

Ай мен Күн де алма кезек ауысып,
Ынтық жүрек бір бірімен табысып,
Дүн-дүние өлең болып кеткендей,
Мұқағали Музасымен қауышып.

Тәңіртаудай асқақ бейне, нар тұлға,
Кеткенімен жыры қалды артында.
Қарасуға өлең болып қосылған,
Айналайын қасқа бұлақ сарқылма.

Қасиетті қара өлең, нұрлы жыр,
Сен арқылы әр кеудеге тұнды нұр.
Бар қазақтың мекен еткен жүрегін
Сен өлмейсің Жыр ~ Ғұмыр!



Индекс – 74974

1 жылға жазылу бағасы:
8000 тг

6 айға жазылу бағасы:
5000 тг

t.me/sarasoz

sarasoz.kz

Сарасөз журналы

+7 702 839 86 88